



«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Қысқартылған шоғырландырылған аралық
қаржылық есептілік (аудиттелмеген)

2025 жылғы 30 маусым

МАЗМҰНЫ

Шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	1-2
Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	5-6
Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертпелер.....	7-39



Shape the future
with confidence

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., А15Е3Н4
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
БСН 041140002277
ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, А15Е3Н4
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
БИН 041140002277

Ernst & Young LLP
77/7 Al-Farabi ave.
Esentai Tower
Almaty, A15E3N4
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
BIN 041140002277

Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті шолып тексерудің нәтижелері бойынша есеп

Акционерге, Директорлар кеңесіне және АҚ «Самұрық-Энерго» Басшылығына

Кіріспе

Біз «Самұрық-Энерго» АҚ және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «Топ») қоса беріліп отырған қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есептен, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен және көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен, сондай-ақ қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке түсіндірме ескертпелерден, соның ішінде есеп саясатының елеулі қағидалары туралы ақпараттан («аралық қаржылық ақпарат») тұрады.

Басшылық «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді.

Біздің жауапкершілігіміз – жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық қаржылық ақпарат жөніндегі тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

Шолып тексеру көлемі

Біз шолып тексеруді «Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру» 2410 Шолып тексерулердің халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік.

Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді.

Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Тұжырым

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде 2025 жылғы 30 маусымдағы қоса беріліп отырған аралық қаржылық ақпараты Топтың қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған алты айдағы қаржылық нәтижелері мен ақша қаражаттарының қозғалысын барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» (IAS) 34 Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болу мүмкін фактілер анықталмады.



Shape the future
with confidence

Басқа мәліметтер

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін басқа аудитор жүргізді, ол 2025 жылғы 5 наурызда осы есептілікке қатысты түрлендірілмеген пікірін білдірді.

2024 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін Топтың қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілігіне шолып тексеруді басқа аудитор жүргізіп, 2024 жылғы 6 тамызда шолып тексеру нәтижелері бойынша түрлендірілмеген пікірін білдірді.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған үш ай үшін қысқартылған шоғырландырылған аралық пайда немесе зиян және жиынтық кіріс туралы есепке шолу жүргізілген жоқ.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Адилъ Сыздыков
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ МФ - 0000172 біліктілік куәлігі

А15ЕЗН4, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2025 жылғы 4 тамыз



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы
МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
АРАЛЫҚ ЕСЕП**

2025 жылғы 30 маусымға

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<i>Ескер.</i>	2025 жылғы 30 маусым (аудиттел- меген)	2024 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	5	1.034.354.231	942.767.009
Инвестициялық меншік		108.032	110.460
Материалдық емес активтер		6.160.934	5.545.328
Пайдалану құқығы нысанындағы актив		2.716.631	2.989.995
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	6	96.420.141	86.870.510
Басқа да айналымнан тыс активтер	7	143.164.819	137.821.244
Айналымнан тыс активтер жиыны		1.282.924.788	1.176.104.546
Айналымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар	8	28.700.198	29.035.568
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа да дебиторлық берешек	9	88.282.491	74.709.533
Басқа да айналымдағы активтер	10	39.198.720	29.493.131
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		6.979.297	9.991.326
Ақша қаражаты мен оның баламалары	11	159.431.328	94.952.295
Айналымдағы активтер жиыны		322.592.034	238.181.853
Активтер жиыны		1.605.516.822	1.414.286.399

Қоса беріліп отырған 7-39-ші беттердегі ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
АРАЛЫҚ ЕСЕП (жалғасы)**

Мың қазақстандық теңгемен	Ескер.	2025 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Капитал			
Акционерлік капитал	12	513.890.020	507.435.225
Басқа да резервтік капитал		135.223.761	135.136.936
Бөлінбеген пайда		215.941.186	127.401.285
Топ акционерлеріне тиесілі капитал	12	865.054.967	769.973.446
Бақыламайтын акционерлердің үлесі		4.878.647	2.829.134
Капитал жиыны		869.933.614	772.802.580
Міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Активтерді жою міндеттемелері бойынша резерв	13	25.982.305	26.900.279
Басқа резервтер		4.464.655	4.030.672
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		2.793.303	2.689.601
Қарыздар	14	271.097.811	289.404.650
Негізі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа да кредиторлық берешек	15	7.566.661	2.364.069
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер		1.255.666	1.347.020
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер		75.008.014	75.713.682
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		388.168.415	402.449.973
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Активтерді жою міндеттемелері бойынша резерв	13	696.417	908.290
Қарыздар	14	88.983.569	83.693.750
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		348.484	348.190
Негізі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа да кредиторлық берешек	15	214.669.508	138.857.112
Салықтар мен бюджетке басқа да төлемдер бойынша берешек	16	22.549.972	8.684.278
Басқа резервтер		4.843.000	4.843.000
Жалдау бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер		757.722	859.584
Төленуге жататын табыс салығы		14.566.121	839.642
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		347.414.793	239.033.846
Міндеттемелер жиыны		735.583.208	641.483.819
Міндеттемелер мен капитал жиыны		1.605.516.822	1.414.286.399
Бір жай акцияның баланстық құны, теңгемен *	26	123.356	110.361

* Бір жай акцияның баланстық құны ҚЕХС-ке жатпайтын көрсеткіш және KASE талабы бойынша ашылып көрсетіледі.

Басшылық атынан 2025 жылғы 4 тамызда қол қойылды.

Алмасби Нисамидинович Жамалов
Экономика, қаржы және
цифрландыру жөніндегі басқарудың
директор



Сауле Бекзадаевна Тулекова
«Бухгалтерлік және салық есебі»
департаментінің директоры - Бас
бухгалтер

Қоса беріліп отырған 7-39-ші беттердегі ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

**ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП**

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай үшін

Мың қазақстандық теңгемен	Ескер.	30 маусымда аяқталған 6 ай үшін		30 маусымда аяқталған 3 ай үшін	
		2025 ж. (аудиттелмеген)	2024 ж. (аудиттелмеген)	2025 ж. (аудиттелмеген)	2024 ж. (аудиттелмеген)
Түсім	17	386.951.978	281.107.456	207.690.955	131.948.349
Сатудың өзіндік құны	18	(222.077.085)	(173.928.809)	(106.396.076)	(80.868.175)
Жалпы пайда		164.874.893	107.178.647	101.294.879	51.080.174
Өткізу бойынша шығыстар		(4.905.472)	(4.484.725)	(2.114.368)	(1.910.774)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	19	(14.701.315)	(9.258.850)	(9.656.640)	(5.157.238)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес	6	9.261.526	4.834.934	(260.771)	(415.704)
Активтердің құнсызданудан болған зиян, нетто		(2.293.608)	(3.203.833)	(1.522.009)	(2.939.915)
Қаржылық кірістер	20	7.551.046	3.837.078	4.247.359	2.278.144
Қаржылық шығыстар	21	(17.983.950)	(14.855.792)	(9.010.288)	(8.154.959)
Басқа да кірістер		1.825.544	862.732	708.625	443.419
Басқа да шығыстар		(1.224.879)	(232.050)	(1.165.002)	(152.096)
Салық салынғанға дейінгі пайда		142.403.785	84.678.141	82.521.785	35.071.051
Табыс салығы бойынша шығыстар	22	(31.225.002)	(16.356.373)	(20.486.622)	(6.502.889)
Кезеңдегі пайда		111.178.783	68.321.768	62.035.163	28.568.162
Басқа жиынтық кіріс / (залал) (Кейіннен пайда немесе зиян құрамына қайта жіктелмейтін баптар)					
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар бойынша міндеттемелерді қайта бағалау		86.825	183.188	(298.265)	82.707
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктеуге жатпайтын таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)		86.825	183.188	(298.265)	82.707
Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)		86.825	183.188	(298.265)	82.707
Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны		111.265.608	68.504.956	61.736.898	28.650.869
Мыналарға тиесілі пайда:					
Топ акционерлеріне		109.105.819	68.198.800	60.102.563	28.561.363
Бақыламайтын акционерлерге		2.072.964	122.968	1.932.600	6.799
Кезеңдегі пайда		111.178.783	68.321.768	62.035.163	28.568.162
Мыналарға тиесілі жиынтық кіріс жиыны:					
Топ акционерлеріне		109.192.644	68.381.988	59.804.298	28.644.070
Бақыламайтын акционерлерге		2.072.964	122.968	1.932.600	6.799
Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны		111.265.608	68.504.956	61.736.898	28.650.869
Топ акционерлеріне тиесілі акцияға шаққандағы кезеңдегі пайда (қазақстандық теңгемен)					
Базалық және бөлінген	26	15.581	10.805	8.627	4.245

Басшылық атынан 2025 жылғы 4 тамызда қол қойылды.

Алмасби Нисамаддинович Камалов
Экономика, қаржы және
цифрландыру жөніндегі басқарушы
директор



Сауле Бекзадаевна Тулекова
«Бухгалтерлік және салық есебі»
департаментінің директоры - Бас
бухгалтер

Қоса беріліп отырған 7-39-ші беттердегі ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП

ТУРАЛЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай үшін

Мың қазақстандық теңгемен	Ескер.	Топ акционерлеріне тиесілі				Бақыла- майтын акционер- лердің үлесі	Капитал жиыны
		Акционер- лік капитал	Басқа да резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Жиыны		
2024 жылғы 1 қаңтарға қалдық		443.567.998	167.372.454	78.607.607	689.548.059	2.368.160	691.916.219
Кезеңдегі пайда (аудиттелмеген)		-	-	68.198.800	68.198.800	122.968	68.321.768
Басқа да жиынтық кіріс (аудиттелмеген)		-	183.188	-	183.188	-	183.188
Жиынтық кіріс жиыны (аудиттелмеген)		-	183.188	68.198.800	68.381.988	122.968	68.504.956
Кәсіпорындарды жалпы бақылаумен сатып алу кезінде акциялар эмиссиясы	12	59.730.227	(33.428.805)	(26.301.422)	-	-	-
Жарияланған дивидендтер	12	-	-	(24.815.869)	(24.815.869)	-	(24.815.869)
Акционерден алынған қарыздар бойынша дисконт		-	1.345.614	-	1.345.614	-	1.345.614
2024 жылғы 30 маусымға қалдық (аудиттелмеген)		503.298.225	135.472.451	95.689.116	734.459.792	2.491.128	736.950.920
2025 жылғы 1 қаңтарға қалдық		507.435.225	135.136.936	127.401.285	769.973.446	2.829.134	772.802.580
Кезеңдегі пайда (аудиттелмеген)		-	-	109.105.819	109.105.819	2.072.964	111.178.783
Басқа да жиынтық кіріс (аудиттелмеген)		-	86.825	-	86.825	-	86.825
Жиынтық кіріс жиыны (аудиттелмеген)		-	86.825	109.105.819	109.192.644	2.072.964	111.265.608
Еншілес ұйымның шығуы		-	-	-	-	(23.451)	(23.451)
Акциялар эмиссиясы	12	6.454.795	-	-	6.454.795	-	6.454.795
Жарияланған дивидендтер	12	-	-	(20.565.918)	(20.565.918)	-	(20.565.918)
2025 жылғы 30 маусымға қалдық (аудиттелмеген)		513.890.020	135.223.761	215.941.186	865.054.967	4.878.647	869.933.614

Басшылық атынан 2025 жылғы 4 тамызда қол қойылды.

Алмасби Нисамаддинович Самурық-Энерго
Экономика, қаржы және
цифрландыру жөніндегі басқарушы
директор



Сауле Бекзадаевна Тулекова
«Бухгалтерлік және салық есебі»
департаментінің директоры - Бас
бухгалтер

Қоса беріліп отырған 7-39-ші беттердегі ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық
қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ**

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай үшін

Мың қазақстандық теңгемен	Ескер.	30 маусымда аяқталған 6 ай үшін	
		2025 ж. (аудиттелмеген)	2024 ж. (аудиттелмеген)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Салық салынғанға дейінгі пайда		142.403.785	84.678.141
Мыналарға түзетулер:			
Тозу және амортизацияға		37.804.715	28.840.462
Активтердің құнсызданудан болған зиян, нетто		2.293.608	3.203.833
Қаржылық шығыстар	21	17.983.950	14.855.792
Қаржылық кірістер	20	(7.551.046)	(3.837.078)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес	6	(9.261.526)	(4.834.934)
Басқа да түзетулер		1.193.844	771.847
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		184.867.330	123.678.063
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешекті және өзге де дебиторлық берешекті және өзге де айналымдағы активтерді өзгерту		(2.682.448)	(25.551.062)
Тауар-материалдық қорларды өзгерту		556.139	2.848.384
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешекті және өзге де кредиторлық берешекті және өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелерді өзгерту		(5.440.239)	(5.673.353)
Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша берешекті өзгерту		103.996	198.835
Төленуге жататын салықтардың өзгеруі		5.897.841	1.837.781
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		183.302.619	97.338.648
Төленген табыс салығы		(15.145.808)	(14.052.252)
Төленген пайыздар		(10.413.545)	(6.801.366)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		157.743.266	76.485.030
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Негізгі құралдарды сатып алу*		(78.173.608)	(55.230.278)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(1.034.732)	(302.638)
Борыштық құралдарды сатудан түскен түсімдер		23.275.187	29.638.999
Борыштық құралдарды сатып алу		(25.865.664)	(37.575.133)
Түскен пайыздық кіріс		6.969.035	3.620.922
Бірлесіп бақыланатын ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу үлесін ұлғайтпай жарналар	7	(252.246)	(1.666)
Басқа да түсімдер/(сатып алу)		4.471	(1.305)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(75.077.557)	(59.851.099)

Қоса беріліп отырған 7-39-ші беттердегі ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ (жалғасы)**

		30 маусымда аяқталған 6 ай үшін	
		2025 ж.	2024 ж.
Мың қазақстандық теңгемен		Ескер. (аудиттелмеген)	(аудиттелмеген)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Акциялар эмиссиясынан түскен түсімдер	12	6.454.795	—
Қарыздардың түсуі	14	18.941.278	52.481.447
Қарыздарды өтеу	14	(37.100.050)	(55.392.156)
Қаржылық жалдау бойынша негізгі борышты төлеу		(467.155)	(561.043)
Акционерге төленген дивидендтер	12	—	(4.249.965)
Басқа да төлемдер		(6.076.310)	(287.738)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(18.247.442)	(8.009.455)
Бағамдық айырмалардың ақша қаражатына әсері		61.701	4.242
Ақша қаражатының құнсыздану резервін шегере отырып		(935)	(545)
Ақша қаражатының таза ұлғаюы		64.479.033	8.628.173
Жыл басына ақша қаражаты	11	94.952.295	43.662.456
Есепті кезең соңындағы ақша қаражаты	11	159.431.328	52.290.629

* Негізгі құралдарды сатып алу нәтижесінде болған ақша қаражатының қозғалысына 10.805.032 мың теңге (2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 5.985.645 мың теңге) сомасында төленген сыйақы кіреді.

Басшылық атынан 2025 жылғы 4 тамызда қол қойылды.

Алмасби Низаматдинов Камалов
Экономика, қаржы және
цифрландыру жөніндегі басқару
директор



Сауле Бекзадаевна Тулекова
«Бухгалтерлік және салық есебі»
департаментінің директоры - Бас
бухгалтер

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР****2025 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай үшін**

1. САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО ТОБЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі «Компания») және оның еншілес компаниялары үшін (бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталады) 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін «Аралық қаржылық есептілік» 34 ҚЕХС-ке (IAS) сәйкес дайындалды.

Компания 2007 жылы 18 сәуірде құрылды және 2007 жылы 10 мамырда тіркелді. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылды. Топ Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) энергетикалық кешені кәсіпорындарын шоғырландыру мақсатында құрылды.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына») болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның түпкілікті бақылаушы тарабы болып табылады.

Негізгі қызмет

Топтың негізгі қызмет түрлері көмір, көмірсутектер, су ресурстары және жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі - «ЖЭК») негізінде электр әрі жылу энергиясын және ыстық суды өндіру, халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға өткізу, электр энергиясын тасымалдау және электр энергиясын желіде техникалық бөлу, сондай-ақ гидроэлектростанциялардың мүлкітік кешендерін жалға беру болып табылады.

Топтың еншілес компаниялары мен оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар туралы» ҚР заңдарымен және Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексімен реттеледі. Тарифтік реттеу энергокомпаниялар қызметінің түріне қарай ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (бұдан әрі – «Комитет») немесе салалық министрліктің – ҚР Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – «ЭМ») құзыретіне жатады.

Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына тарифтер «Энергия өндіруші ұйымдар тобы үшін электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 160 бұйрығымен және одан кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен бекітілген. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын жеткізуге арналған тарифтер тіркелген болып табылады және ЖЭК технологиясына (жел, күн және басқа да көздер үшін бөлек) қарай «Тіркелген тарифтерді бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 қаулысымен бекітілген және жыл сайынғы индекстеуге жатады. Бұл ретте есеп айырысу-қаржы орталығы сатып алушы ретінде, ал энергия өндіруші ұйым сатушы ретінде әрекет етеді. Энергия беруші компаниялар үшін, жылу энергиясын өндіруге арналған электр энергиясын беру және бөлу тарифтерін және энергиямен жабдықтауға арналған тарифтерді (бұдан әрі – ЭЖО) Комитет реттейді. Комитет реттеу мен бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

Тарифтік шешімдер әлеуметтік және саяси мәселелерге айтарлықтай ұшырағыш келеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге де саясаты Топтың операциялық қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін.

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы мен орны

Компанияның бас кеңсесінің заңды мекенжайы және қызметін жүзеге асыру орны: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы 15А, Б блогы.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

1. САМУРЫҚ-ЭНЕРГО ТОБЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (жалғасы)***Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындау негізі***

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік «Аралық қаржылық есептілік» 34 ҚЕХС-ке («IAS») сәйкес дайындалды. Аралық қаржылық есептілік әдетте жылдық қаржылық есептілікке енгізілетін барлық ескертпелерді қамтымайды. Тиісінше, осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарты жөніндегі кеңес («ҚЕХС жөніндегі кеңес») бекіткен редакцияда ҚЕХС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалған 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге танысуға жатады. Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының негізгі ережелері табыс салығын есепке алуды қоспағанда, соңғы қаржы жылы үшін есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының ережелеріне сәйкес келеді.

Аралық кезеңге арналған табыс салығы бойынша шығыстар бүкіл қаржы жылы үшін қолданыстағы табыс салығының есепті орташа мөлшерлемесіне негізделеді. 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты айдағы тиімді салық мөлшерлемесі танылмаған салық активтерін күтілетін пайдалануға орай корпоративтік табыс салығының белгіленген мөлшерлемесінен ерекшеленеді.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген стандарттарға енгізілген түзетулер Топқа айтарлықтай әсерін тигізбеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Операциялардың маусымдылығы

Топ қызметі маусымдық ауытқуларға ұшырағыш келеді. Электр энергиясын беру, жылу және электр энергиясын өндіру көлемдерінің ауытқуы қазаннан сәуірге дейін созылатын жылыту маусымымен байланысты.

Айырбас бағамдары

2025 жылғы 30 маусымға шетел валютасындағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылатын ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 519.73 теңге болды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 499.74 теңге).

Үздіксіз қызмет қағидаты

Басшылық осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде дайындады. Бұл жақын болашақта оның әдеттегі экономикалық қызметі барысында активтерді сатуды және міндеттемелерді өтеуді болжайды.

2. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР

Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ қолданылатын есеп саясатына және есептілікте көрсетілетін активтер мен міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін бағалауды пайдаланып, жорамалдар жасайды. Іс жүзіндегі нәтижелер осы бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Табыс салығы бойынша провизияларды есептеуді және жаңа әрі өзгертілген стандарттарды қабылдауды қоспағанда, 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға қолданылатын негізгі есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

Электр энергиясын сатудан түскен түсімді мойындау

Топ электр энергиясын тұтынушылар есептегіштерінің көрсеткіштеріне сәйкес электр энергиясын жеткізу кезіндегі түсімді таниды. Тұтынушылар есептегіштердің көрсеткіштерін ай сайын беріп отырады және Топ іріктелген негізде дұрыстығын тексереді. Тұтынған электр энергиясына шоттарды жазып беру рәсімдерінің циклдік сипаты нәтижесінде Топ есепті кезеңнің соңында тұтынушыларға шоттар жазылып берілмеген электр энергиясының едәуір көлемін өткізді.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ
ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Электр энергиясын сатудан түскен түсімді мойындау (жалғасы)**

Топ есептегіштің көрсеткіші соңғы алынған сәттен бастап бағалау негізінде есепті кезеңнің соңына дейін өткізілген электр энергиясы үшін түсімді таниды. Топтың тәсіліне сәйкес тұтынылған, бірақ есепті айдың соңына қойылмаған сатып алынған электр энергиясының күнделікті көлемі есептеледі, ол өткізу бағасына көбейтіледі.

Негізгі құралдарды тиімді пайдалану мерзімдері

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімін бағалау ұқсас активтерге қатысты тәжірибенің негізінде кәсіпқой пайымдауды қолдана отырып жүргізілді. Мұндай активтермен байланысты келешек экономикалық пайда, негізінен, оларды пайдаланудың нәтижесінде алынады. Дегенмен, технологиялық немесе коммерциялық тұрғыдан ескірген, сондай-ақ құрал-жабдықтың тозуы сияқты басқа да факторлар мұндай активтермен байланысты экономикалық пайданың азаюына жиі әкеп соқтырады. Басшылық активтердің ағымдағы техникалық жай-күйіне сүйене отырып және соның ішінде бұл активтер Топқа экономикалық пайда әкелетін есепті кезеңді ескере отырып негізгі құралдардың пайдалы қызмет етуінің қалған мерзімін бағалайды.

Бұл ретте назарға келесі негізгі факторлар алынады: (а) активтерді пайдаланудың күтілетін мерзімі; (б) пайдалану сипаттамалары мен техникалық қызмет көрсетудің регламентіне тәуелді болатын құрал-жабдықтың күтілетін физикалық тозуы; және (в) нарықтық жағдайлардың өзгеруінің нәтижесінде технологиялық және коммерциялық тұрғыдан құрал-жабдықтың моральды тозуы.

Балқаш ЖЭС (бұдан әрі «БЖЭС»)

2019 жылғы 29 қазанда Компания Samsung C&T компаниясынан БЖЭС-тің 50%+1 акциясын сатып алды және БЖЭС-тің 100% үлесінің иесі болды. Сатып алу кезінде БЖЭС банкроттықтың алдында тұрды, сондай-ақ іс жүзінде маңызды қызметті жүзеге асырмады, сонымен қатар, Топ БЖЭС-ті сатып алу күнінен бастап бақылауда болмады. 2017 жылдан бастап кредиторлар мен өнім жеткізушілер БЖЭС-тің төлем қабілетсіздігіне байланысты бірнеше рет сотқа жүгінді, бұл өз кезегінде мүлікке тыйым салуға әкеп соқтырды, сондай-ақ БЖЭС қызметін айтарлықтай шектеді. 2019 жылғы 6 желтоқсанда сот шешімімен банкроттық процесін бақылау және жүргізу үшін уақытша басқарушы тағайындалды.

2022 жылғы 20 сәуірде «Банк ЦентрКредит» АҚ өтініші бойынша Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық соты (бұдан әрі - МЭАС) БЖЭС банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғады. Алматы облысының МЭАС 2022 жылғы 27 маусымдағы шешімімен БЖЭС-ті банкрот деп танудан бас тартылды. Жоғарғы соттың азаматтық істер жөніндегі Сот алқасының қаулысымен МЭАС шешімі өзгеріссіз қалды, «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның апелляциялық шағымы өзгеріссіз қалды. Соттардың пікірінше, БЖЭС-ті банкрот деп тану мемлекет тарапынан Жобаның одан әрі тағдыры туралы шешімнің болмауына байланысты мерзімінен бұрын болып табылады және ҚР Үкіметі жобаға қатысты теріс қорытынды қабылдаған жағдайда құны міндеттемелерді орындау нысанасы болуы мүмкін активтер мен негізгі құралдардың БЖЭС-те болуы туралы пайымдауларға, сондай-ақ кредиторлар алдындағы берешекті өтеу мүмкіндігімен Жобаны жаңғырту перспективасына және борышкердің материалдық жағдайын қалпына келтіруге негізделген.

Өз кезегінде, жарғыда көзделген БЖЭС қызметі жүзеге асырылмайды, 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша БЖЭС мүлкін кредиторлар алдындағы борышты өтеу есебіне аукцион арқылы кейіннен өткізу үшін кредиторлардың өтініштері бойынша сот орындаушылары және салық органдары толық көлемде есепке алып, қамауға алады. Сот орындаушыларының өндірісінде қазір БЖЭС-тен 17,4 млрд. теңге жалпы сомаға берешекті өндіріп алу туралы 5 іс жатыр, сондай-ақ салық берешегі де бар, осыған орай сот орындаушылары мен салық органдары БЖЭС-ке мынадай шаралар қолданды: 1) жылжымалы және жылжымайтын мүлікке тыйым салу, 2) банктік шоттар мен ақшаға тыйым салу, 3) барлық тіркеу әрекеттеріне тыйым салу, 4) мүлікке билік етуге тыйым салу; 5) бағалы қағаздарға тыйым салу және олармен мәмілелерге тыйым салу, 6) мыналарға тыйым салу: жарғының жаңа редакциясы, атауын өзгерту, жарғылық капитал мөлшерін азайту, қатысушылар құрамын өзгерту, құрылтайшылар (мүшелер, қатысушылар) құрамын өзгерту, орналасқан жерін өзгерту (тіркеу орнын өзгерте отырып), орналасқан жерін өзгерту (тіркеу орнын өзгертпей), қызмет түрлерінің өзгеруі, құқықтық мәртебесінің өзгеруі, басшының өзгеруі, редакциялық өзгерістер, ерікті таратуға тыйым салу, мәжбүрлеп таратуға тыйым салу, қайта ұйымдастыруға тыйым салу.

БЖЭС-ке қатысты жоғарыда аталған шараларға, сондай-ақ ашық сот істеріне байланысты, басшылықтың пікірінше 2025 жылғы 30 маусымға Топтың БЖЭС қызметіне бақылауы жоқ.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**2. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ
ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Әкімдік алдындағы берешек**

2009 жылы Топтың еншілес компаниясы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «АЖК») Алматы қаласының Әкімдігімен (бұдан әрі - «Әкімдік») АЖК-нің Әкімдік алдындағы берешегін өтеу туралы сот процесіне қатысты. 2014 жылғы 14 ақпанда Әкімдік пен АЖК АЖК-нің Әкімдік алдындағы берешегін реттеу тәртібі туралы бітімгершілік келісімге қол қойды. Бұл ретте, АЖК өзінің берешегін өтеу есебінен, басқалармен қатар, коммуналдық меншіктегі және Әкімдіктің сенімгерлік басқаруындағы электр желілерін меншікке қабылдауға міндеттенеді. Бітімгершілік келісім шеңберінде өткен жылдар ішінде жүргізілген барлық төлемдерді шегергенде, Әкімдік алдындағы АЖК міндеттемелерінің сомасы 2025 жылғы 30 маусымға 5.841.513 мың теңгені құрайды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 5.841.514 мың теңге) (15-ескертпе).

2025 жылғы 30 маусымда электр желілерін меншікке алу аяқталған жоқ. Топ бұл міндеттемені төлемдерден босатылған кезде, яғни бітімгершілік келісім тараптары барлық іс-әрекеттерді орындаған сәтте, атап айтқанда Әкімдіктен электр желілерін меншікке қабылдау сәтінде тануды тоқтатады. Бұл ретте Топ 5.841.514 мың теңге мөлшерінде міндеттемені есептен шығарудан болған пайданы мойындады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау - көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және тарату

Топ басшылығы «Алматы Электр Станциялары» АҚ (бұдан әрі – «АлЭС»), «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС (бұдан әрі - «ЕМАЭС-1»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі «АЖК») негізгі құралдарының құнсыздану белгілерін, сондай-ақ бірлескен компанияларға инвестицияларды бағалады, ол «Активтердің құнсыздануы» 36 ҚЕХС-ке (IAS) сай жүргізілді.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ
ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)**

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау - көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және тарату (жалғасы)

Ықтимал құнсыздану белгілерінің болуын бағалау кезінде пайдаланылған негізгі фактілер мен жорамалдар мыналар болып табылады:

- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді перспективадағы болжамды өсім;
- Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифтерді Энергетика министрінің 2025 жылғы 27 қаңтардағы №42-н/қ бұйрығымен енгізілген және 2025 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілген өзгерістермен 15-19%-ға ұлғайту;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 126-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 154-НҚ «Тарифтердің шекті деңгейлерін бекіту туралы» бірлескен бұйрығына енгізілген өзгерістерге және 2021-2025 жылдарға арналған электр энергиясын беру бойынша АЖК реттелетін қызметіне тарифтік сметаға сәйкес, ЭЭ тарифтерінің ұлғаю жағына қарай тұрақты өзгеру серпінділігі сақталып отыр. Атап айтқанда, 2025 жылғы 01 сәуірден бастап электр энергиясына тариф 10,6 теңгеден/кВтсағ (ҚҚС-сыз) 12,96 теңгеге/кВтсағ (ҚҚС-сыз) дейін көтерілді;
- Кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі активтердің өтелетін құнына елеулі әсер етпейді, өйткені қарыздық қаржыландыру мөлшерлемесінің ұлғаюы электр энергиясына шекті тарифтерді, сондай-ақ ҚР Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №205 бұйрығымен бекітілген теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау әдістемесіне сәйкес шекті тарифтер қолданысының келесі кезеңінде пайда нормасын есептеу кезінде WACC мөлшерлемесінде ұқсас түрде көрініс табады, сондай ақ тарифтің шығыс бөлігіне алдыңғы кезеңдегі сыйақылар бойынша шығыстар енгізіледі;
- Инфляция мөлшерлемелерінің өзгеруі елеулі әсер етпейді, өйткені тарифтің шығынды бөлігіне өткен жылғы нақты инфляцияны ескере отырып шығындар қосылады, сондай-ақ «Табиғи монополиялар туралы» 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 177-VII ҚРЗ Заңындағы өзгерістер электр энергиясын беру мерзімі аяқталғанға дейін 5 жылға бекітілген тарифтерді түзету үшін қосымша талаптарды көздейді (ұлттық жобаларды іске асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту, желілерді балансқа не сенімгерлік басқаруға алу, орташа айлық номиналды жалақының өзгеруі);
- 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын өткізу нарығының жаңа нысаналы моделін енгізу (18-ескертпе) Топтың электр станцияларының түсіміне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теңгерімсіздіктерді сатып алу және сату көлемі мен бағасының әсері станциялар түсімінің 1%-нан азын құрады, бұл елеусіз ауытқу болып табылады. Топтың станциялары негізінен белгіленген көлемге сәйкес жұмыс істейді, сәйкесінше жоспар әдетте электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы операциялардың көлемін азайтуға мүмкіндік беретін фактіге сәйкес келеді;
- Еншілес компаниялар үшін кезең ішінде орын алған немесе жақын болашақта болжамды орын алуы мүмкін қолайсыз салдары бар едәуір өзгерістердің болмауы;
- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді перспективадағы болжамды өсім.

Ықтимал құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілерін бағалау нәтижесінде Топ басшылығы бағалау күніне құнсыздану белгілері жоқ деген тұжырымға келді. Тиісінше, Топ басшылығы 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бұл еншілес компаниялардың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялардың құнсыздануына тест өткізбеу шешімін қабылдады.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ
ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)**

2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын Бірыңғай сатып алушымен кері сатып алу шарттарын есепке алу

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің мақсаттары үшін энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын сату шарттары және «Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-мен (бұдан әрі - «ЕАҚО») Топтың тарату және өткізу компанияларының электр энергиясын сатып алу шарттары 15 ҚЕХС сәйкес кері сатып алу шарттары болып табылады. Тиісінше, Топ өзінің шоғырлану деңгейінде электр энергиясын сатып алудан және энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясының түсімінен өзіндік құнның элиминациясын өткізеді.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты айдағы элиминациялау сомасы тиісінше 26.557.431 мың теңгені және 57.154.236 мың теңгені құрады. Бұл жазбалар Топтың түсімі мен өзіндік құнын біртұтас экономикалық бірлік ретінде таныстыру мақсатында көрсетілген және Топтың қаржылық нәтижелеріне әсер етпейді.

Егер сатудың есептелген орташа өлшенген бағасы басшылықтың бағалауларынан 10%-ға ерекшеленетін болса, 2025 және 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты айдағы элиминация сомасы, сатудың түсімі мен өзіндік құны 2.655.743 мың теңгеге және 5.715.424 мың теңгеге ұлғайтылуы/кемуі тиіс еді.

Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып Алматы ЖЭО-3 және ЖЭО-2 жаңғырту

Алматы ЖЭО-3 және ЖЭО-2 жаңғырту жобалары (бұдан әрі – Жобалар) Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде іске асырылады.

Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, ЖЭО-2 жаңғырту жобасы Алматы ЖЭО-2 алаңында қуаты 600 МВт дейінгі газбен жұмыс істейтін жаңа станцияны салуды қамтиды. 2024 жылғы 31 желтоқсанда 2024-2038 жылдарға арналған «Алматы электр станциялары» АҚ отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып генерациялайтын қондырғылар салумен жаңғыртуға, қайта құруға және (немесе) кеңейтуге №52 Инвестициялық келісімге қол қойылды. Бұл келісім барлық салынған инвестицияларды қуат нарығының тетігі арқылы қайтаруға мүмкіндік береді.

Қуаты кемінде 450 МВт ПМУ салумен Алматы ЖЭО-3-ті қайта құру қолданыстағы шаң-көмір жабдығын қазіргі заманғы экологиялық таза бу-газды энергия блоктарына ауыстыруды, қолданыстағы алаңда маневрлік жұмыс режимімен қуаты үлкен жаңа ЖЭО салуды көздейді, Қазақстанның оңтүстік аймағында маневрлік қуаттардың тапшылығын ішінара жабу үшін 2023 жылғы 17 наурызда «Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-мен маневрлік генерациялау режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялаушы қондырғыларды салу кезінде электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы шартқа қол қойылды.

Басшылықтың бағалауына сай, ауыстыруға жататын ЖЭО-3 және ЖЭО-2 активтерінің қалдық құны жаңа бу-газ энергоблоктарын пайдалануға беру сәтіне дейін нөлге тең болады.

Жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру үшін Топ түрлі қаржы институттарымен Қарыз шарттарын жасасты.

Байқаулардың нәтижелері бойынша Жобаларды іске асыру үшін өнім жеткізушілермен ЕРС-шарттары жасалды.

Орындалған жұмыстардың мәртебесі:***Алматы ЖЭО-2 қайта құру***

2025 жылғы 30 маусымға компания аяқталмаған құрылыс құрамында ҚҚС-ты қоспағанда, 22.769.323 мың теңге сомасына ЕРС-келісімшартының шеңберінде Алматы ЖЭО-2 құрылыс алаңына жеткізілген жабдықты көрсетті. Бұдан басқа, 2025 жылғы 30 маусымға ҚҚС-ты қоспағанда, ЖЭО-2 үшін аяқталмаған жабдықтың құны 87.450.168 мың теңге мөлшерінде капиталдандырылды. 2024 жылы және 2025 жылдың алты айының ішінде орындалған, ҚҚС-ты қоспағанда, 7.549.524 мың теңге сомаға ЕРС-келісімшарт шеңберінде құрылыс-монтаж жұмыстары да капиталдандырылды. Аяқталмаған жабдықтар мен жұмыстардың құнын бағалау ЕРС-мердігері ұсынған жабдықтың немесе жұмыстың мәртебесі туралы апта сайынғы есептерде көрсетілген жұмыстардың орындалу пайызы негізінде жүргізілді. Бағалар ЕРС-келісімшартына қоса берілген баға кестесіне сәйкес айқындалды.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Орындалған жұмыстардың мәртебесі (жалғасы)

Алматы ЖЭО-3 қайта құру

2024 жылы орындалған, ҚҚС-ты қоспағанда, 2.212.400 мың теңге сомаға ЕРС-келісімшарт шеңберінде ЖЭО-3 бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары капиталдандырылды. Міндеттемелерді бағалау жобалау-сметалық құжаттама негізінде жүргізілді. Сондай-ақ, 2025 жылғы 30 маусымға ҚҚС-ты қоспағанда, ЖЭО-3 үшін аяқталмаған жабдықтың құны 44.258.173 мың теңге мөлшерінде капиталдандырылды. Аяқталмаған жабдықтың құны ЕРС-мердігері ұсынған прогресс кестесінде көрсетілген жұмыстың орындалу пайызына сәйкес танылды. Бағалар жобаға қатысты бағалар №2 қосымша келісім негізінде айқындалды.

Капиталдандыру 16 КЕХС (IAS) талаптарына сәйкес жүзеге асырылды, өйткені шығындар активті оны болжамды пайдалануға дайындаумен байланысты және шығындарды сенімді түрде өлшеуге болатын болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары.

Егер актив ұзақ мерзімді ЕРС-келісімшартының шеңберінде құрылса және активте мердігер үшін балама пайдалану болмаса және ЕРС-келісімшартының талаптары мердігерге нақты орындалған жұмыс үшін ақы алу құқығын берсе, тіпті келісімшарт бұзылған жағдайда да, шығындар капиталдандырылуы мүмкін.

Екібастұз ЖЭО ЖШС-нің мүлкін сенімгерлік басқару шарты

2024 жылғы 17 маусымда Топтың еншілес ұйымы «Energy Solutions Center» ЖШС мен «Екібастұз қаласы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» ММ арасында үш жыл мерзімге мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт жасалды. Осы шартқа сәйкес Екібастұз ЖЭО мүлкі (ғимараттар мен құрылысжайлар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары, өзге де негізгі құралдар) «Energy Solutions Center» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілді. Сенімгерлік басқару шартының талаптары берілген активті пайдаланғаны үшін төлемдерді көздемейді. Өз кезегінде «Energy Solutions Center» ЖШС өз қаражаты есебінен қажетті ағымдағы және күрделі жөндеулер жүргізуді қоса алғанда, халықты үздіксіз жылумен қамтамасыз ететін мүлікті тиімді басқаруды жүзеге асыруға, мүлікті тиісті жағдайда ұстауға міндеттенеді. Тиісінше, 2025 жылғы 30 маусымда Топ осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікте пайдалану құқығы нысанындағы активті мойындамады. «Energy Solutions Center» ЖШС мүлікті басқара отырып, табиғи монополия субъектісі мәртебесіне ие болды және қазіргі уақытта жылу энергиясын өндіруді, сатуды жүзеге асырады.

3. СЕГМЕНТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Операциялық сегменттер - бұл шаруашылық қызметті жүзеге асыратын компоненттер, бұл ретте олар түсімді генерациялауы мүмкін немесе шығыстармен байланысты болуы мүмкін, сегменттердің операциялық нәтижелерін оперативті басқарудың жоғарғы органы үнемі талдайды және операциялық сегменттер үшін жеке қаржылық ақпарат бар. Оперативті басқарудың жоғарғы органын ресурстарды бөлетін және компания қызметінің нәтижелерін бағалайтын бір адам немесе адамдар тобы ұсына алады. Оперативті басқарудың жоғарғы органының функцияларын Топ Басқармасы атқарады.

Оперативті басқарудың жоғарғы органы талдайтын сегменттік қаржылық ақпарат салық салуға дейінгі түсім мен пайда туралы ақпаратты қамтиды. Оперативті басқарудың жоғарғы органы сонымен қатар қаржылық кірістер мен шығыстарға, табыс салығы бойынша шығыстарға, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясына, негізгі құралдар мен инвестициялық меншіктің құнсыздануына, гудвиллдің құнсыздануына және бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(залалындағы) үлестерге дейінгі кезеңдегі пайда/(залал) ретінде және басқа да осындай әсерлер ретінде есептелетін Топтың EBITDA туралы ақпаратты талдайды. Топ бойынша пайыздарды, салықтарды және амортизациялық аударымдарды (EBITDA) шегеруге дейінгі пайданы анықтау реттілігі басқа компаниялар қолданатын реттіліктен өзгеше болуы мүмкін.

(а) Әрбір есепті сегмент сатудан түскен түсімді алатын өнімдер мен қызметтердің сипаттамасы

Топ өз қызметін үш негізгі операциялық сегмент шеңберінде жүзеге асырады:

- Жылу және электр энергиясын өндіру;
- Электр энергиясын беру және тарату;
- Электр энергиясын өткізу.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. СЕГМЕНТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ (жалғасы)****(б) Операциялық сегменттер қызметінің нәтижелері**

Оперативті басқарудың жоғарғы органы әрбір сегмент қызметінің нәтижелерін салық салуға дейінгі түсім мен пайданы бағалау негізінде бағалайды.

	Жылу-электр энергиясын өндіру		Электр энергиясын беру және тарату		Электр энергиясын өткізу		Басқалары		Жиыны	
	Аяқталған 6 айда		Аяқталған 6 айда		Аяқталған 6 айда		Аяқталған 6 айда		Аяқталған 6 айда	
	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>										
Сегменттің жалпы түсімі - Электр энергиясын сату	171.489.947	150.977.488	-	-	140.217.178	111.073.394	-	-	311.707.125	262.050.882
Сегмент ішіндегі түсім	(57.154.236)	(43.872.132)	-	-	(241.537)	-	-	-	(57.395.773)	(43.872.132)
Сыртқы түсім - Электр энергиясын сату	114.335.711	107.105.356	-	-	139.975.641	111.073.394	-	-	254.311.352	218.178.750
Жылу энергиясын сату	21.400.848	15.816.248	-	-	-	-	-	-	21.400.848	15.816.248
Электр қуатының өзірлігін қолдау қызметінен түскен кіріс	32.654.947	29.629.575	-	-	-	-	-	-	32.654.947	29.629.575
Жаңартылатын энергия көздерін жалдаудан түскен кіріс	4.509.048	3.814.208	-	-	-	-	-	-	4.509.048	3.814.208
Сегменттің жалпы түсімі - Электр энергиясын беру	-	-	57.084.179	40.854.785	-	-	-	-	57.084.179	40.854.785
Сегмент ішіндегі түсім	-	-	(56.168.152)	(36.281.888)	-	-	-	-	(56.168.152)	(36.281.888)
Сыртқы түсім - Электр энергиясын беру	-	-	916.027	4.572.897	-	-	-	-	916.027	4.572.897
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті жалдаудан түскен кіріс	-	-	-	-	-	-	70.966.805	7.887.438	70.966.805	7.887.438
Химия араласқан суды сату	2.033.769	879.396	-	-	-	-	-	-	2.033.769	879.396
Басқасы жиыны	187.507	485.869	-	-	-	-	1.189.754	862.403	1.377.261	1.348.272
Сегменті ішіндегі түсім - басқалары	(27.433)	(156.925)	-	-	-	-	(1.190.646)	(862.403)	(1.218.079)	(1.019.328)
Сыртқы түсім - басқалары	160.074	328.944	-	-	-	-	(892)	-	159.182	328.944
Сыртқы түсім жиыны	175.094.397	157.573.727	916.027	4.572.897	139.975.641	111.073.394	70.965.913	7.887.438	386.951.978	281.107.456

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. СЕГМЕНТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ (жалғасы)****(б) Операциялық сегменттер қызметінің нәтижелері (жалғасы)**

	Жылу-электр энергиясын өндіру		Электр энергиясын беру және тарату		Электр қуатын өткізу		Басқалары		Сегмент ішіндегі операциялар		Жиыны	
	2025 жылғы	2024 жылғы	2025 жылғы	2024 жылғы	2025 жылғы	2024 жылғы	2025 жылғы	2024 жылғы	2025 жылғы	2024 жылғы	2025 жылғы	2024 жылғы
Мың қазақстандық теңгемен	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым
Сатудың өзіндік құны, оған қоса	(150.949.882)	(115.175.588)	(40.547.253)	(30.988.267)	(143.867.650)	(107.800.116)	(781.069)	(577.304)	114.068.769	80.612.466	(222.077.085)	(173.928.809)
- Отын және сатып алынған электр энергиясының құны	(68.373.626)	(53.628.284)	(345.444)	(1.049.100)	(63.333.757)	(62.252.470)	(55.946)	(76.941)	31.492.705	43.872.133	(100.616.068)	(73.134.662)
- Еңбекақыны төлеу және байланысты шығыстар	(22.430.040)	(16.687.257)	(15.188.647)	(11.703.379)	(1.556.600)	(1.577.031)	(834.724)	(888.956)	-	-	(40.010.011)	(30.856.623)
Өткізу шығыстары	(4.905.472)	(4.484.725)	-	-	-	-	-	-	-	-	(4.905.472)	(4.484.725)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(9.316.191)	(4.563.010)	(871.223)	(782.114)	(279.126)	(520.217)	(4.941.430)	(3.942.164)	706.655	548.655	(14.701.315)	(9.258.850)
Басқа да кірістер	500.564	502.956	636.224	302.241	65.032	110.876	646.596	3.620	(22.872)	(56.961)	1.825.544	862.732
Басқа да шығыстар	(153.934)	(216.131)	(7.505)	(13.477)	(45.358)	(55.741)	(1.070.982)	(804)	52.900	54.103	(1.224.879)	(232.050)
Амортизацияға түзету	30.809.305	23.475.877	5.860.378	4.886.615	43.427	160.493	1.091.605	314.786	-	-	37.804.715	28.837.771
Сегментті түзетілген EBITDA жиыны	98.082.836	98.753.560	22.398.935	14.447.677	(4.170.171)	2.857.591	108.384.569	46.731.304	(41.337.525)	(43.105.339)	181.358.644	119.684.793
Күрделі шығындар	(62.528.973)	(29.425.564)	(15.443.152)	(3.965.736)	-	(59.937)	(235.591)	(23.359)	34.108	-	(78.173.608)	(33.474.596)
Есепті сегмент активтері	1.162.778.223	877.174.762	173.636.413	158.889.772	43.863.713	26.993.789	1.119.197.897	856.631.477	(893.959.424)	(724.809.302)	1.605.516.822	1.194.880.498
Есепті сегмент міндеттемелері	515.495.941	276.947.409	40.073.607	37.643.464	44.995.920	37.244.256	302.790.365	215.614.074	(167.772.625)	(109.519.625)	735.583.208	457.929.578

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. СЕГМЕНТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ (жалғасы)****(6) Түзетілген EBITDA-ны салық салуға дейінгі пайдаға салыстыру**

	Жылу-электр энергиясын өндіру		Электр энергиясын беру және тарату		Электр энергиясын өткізу		Басқалары		Сегмент ішіндегі операциялар		Жиыны	
	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым
Мың қазақстандық теңгемен												
Шоғырландырылған түзетілген EBITDA жиыны	96.082.836	98.753.560	22.398.935	14.447.677	(4.170.171)	2.857.591	108.384.569	46.731.304	(41.337.525)	(43.105.339)	181.358.644	119.684.793
Тозу және амортизация	(30.809.305)	(23.475.877)	(5.860.378)	(4.886.615)	(43.427)	(160.493)	(1.091.605)	(314.786)	–	–	(37.804.715)	(28.837.771)
Қаржылық кірістер	1.252.506	1.832.934	55.583	92.618	303.836	267.180	13.443.300	5.880.437	(7.504.179)	(4.236.091)	7.551.046	3.837.078
Қаржылық шығыстар	(8.921.921)	(6.760.486)	(851.384)	(753.464)	(488.611)	(737.835)	(13.263.527)	(10.751.499)	5.541.493	4.147.492	(17.983.950)	(14.855.792)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануы	1.914	14.899	–	–	–	–	(808)	–	20.128	–	21.234	14.899
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың нәтижелеріндегі үлес	–	–	–	–	–	–	9.261.526	4.834.934	–	–	9.261.526	4.834.934
Салық салынғанға дейінгі пайда	57.606.030	70.365.030	15.742.756	8.900.216	(4.398.373)	2.226.443	116.733.455	46.380.390	(43.280.083)	(43.193.938)	142.403.785	84.678.141

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. СЕГМЕНТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ (жалғасы)****(2) Ірі клиенттер**

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының енгізілуіне байланысты, 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде ең ірі клиент ЕАҚО болып табылады, оған жалпы түсім сомасының 40%-дан астамы сатылды. 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Самұрық-Қазына бақылауындағы компанияларға жалпы түсім сомасының 10%-дан астамы сатылды.

4. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптардың анықтамасы «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» 24 ҚЕХС-те (IAS) көрсетілген. Егер тараптардың бірінің басқасын бақылау мүмкіндігі болса, жалпы бақылау астында болса немесе басқа тараптың қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдауы кезінде айтарлықтай ықпал ете алса немесе бірлескен бақылау жасай алса, байланысты тарап болып саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының сипаты да ескеріледі. Бас компания және Компанияның түпкі бақылаушы жағы *1-ескертілмеде* көрсетілген.

Байланысты тараптарға Самұрық-Қазына бақылауындағы компаниялар кіреді. Мемлекеттік компаниялармен операциялар, егер олар барлық қоғамдық және жеке компанияларға дәйекті қолданылатын талаптарға сәйкес әдеттегі қызмет барысында жүзеге асырылса, ашылмайды i) олар жеке маңызды болып табылмаса; ii) егер Топтың қызметтері барлық тұтынушыларға қолжетімді стандартты талаптарда көрсетілсе немесе iii) электр энергиясын беру, телекоммуникациялық қызметтер және т. б. сияқты қызметтерді жеткізушіні таңдау болмаған жағдайда. Төменде 2025 жылғы 30 маусымға байланысты тараптармен операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар келтірілген:

	Самұрық- Қазына- ның жалпы бақы- лауын- дағы компа- ниялар	Самұрық- Энерго бірлескен кәсіпорын- дары мен қауым- дасқан компания- лары	Самұрық- Қазына бірлескен кәсіпорын дары мен қауымдас- қан компания- лары	Акцио- нерлер	Мемлекет- тік кәсіпорын- дармен операция- лар
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>					
Негізі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа да дебиторлық берешек	260.668	–	11.781.897	–	46.016.694
Ақша қаражаты мен оның баламалары	1.155	–	–	–	454
Басқа да айналымдағы активтер	676.399	–	–	–	2.739.846
Қаржы активтері	–	–	–	19.370.927	–
Алынған қарыздар	–	14.269.519	2.444	118.326.295	4.853.627
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме	30.163	–	–	–	–
Негізі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа да кредиторлық берешек	2.471	3.633.427	1.826	20.567.088	27.312.914
Басқа да міндеттемелер	–	108	800	–	5.841.513

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****4. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)**

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда байланысты тараптармен болған операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

	Самұрық- Қазынаның жалпы бақы- лауындағы компания- лар	Самұрық- Энерго бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдас- қан компания- лары	Самұрық- Қазына бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдас- қан компания- лары	Акция- нерлер	Мемлекеттік кәсіпорын- дармен операция- лар
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>					
Негізі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа да дебиторлық берешек	234.253	20.975	2.672.642	–	42.003.545
Ақша қаражаты мен оның баламалары	2.092.062	–	–	–	486
Басқа да айналымдағы активтер	958.036	15.355	–	–	1.973.081
Қаржы активтері	–	–	–	17.803.646	–
Алынған қарыздар	–	15.613.063	2.632	120.043.610	10.635.485
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме	8.773	–	–	–	–
Негізі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа да кредиторлық берешек	6.571.443	4.622.482	1.857	20.270	16.357.672
Басқа да міндеттемелер	–	15	800	–	5.841.513

Төменде 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

	Самұрық- Қазынаның жалпы бақы- лауындағы компания- лар	Самұрық- Энерго бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдас- қан компа- ниялары	Самұрық- Қазына бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдас- қан компа- ниялары	Акция- нерлер	Мемлекеттік кәсіпорын- дармен операция- лар
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>					
Түсім	1.546.744	20.589	71.121.343	–	154.764.001
Өзіндік құн	(30.560.940)	(36.230.266)	(270.372)	–	(38.469.976)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(326.604)	–	–	–	–
Өткізу шығыстары	(4.764.730)	–	–	–	–
Басқа да шығыстар	(1.117)	–	(935.387)	(66)	(320.544)
Басқа да кірістер	495	9.511	–	178	–
Қаржылық кірістер	37.737	–	–	1.290.021	65.290
Қаржылық шығыстар	(2.450)	(783.557)	–	(7.717.577)	(229.126)

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****4. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)**

Төменде 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

	Самұрық- Қазына жалпы бақылауын- дағы компания- лар	Самұрық- Энерго бірлескен кәсіпорынд ары мен қауымдас- қан компа- ниялары	Самұрық- Қазына бірлескен кәсіпорынд ары мен қауымдас- қан компа- ния-лары	Акциянер- лер	Мемлекеттік кәсіпорын- дармен опера- циялар
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>					
Түсім	1.764.260	–	8.000.704	–	144.001.394
Өзіндік құн	(26.930.361)	(25.434.290)	(285.215)	–	(30.202.672)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(371.605)	–	–	–	–
Өткізу шығыстары	(4.384.744)	–	–	–	–
Басқа да шығыстар	678	–	–	(991)	(1.055.259)
Басқа да кірістер	(2.333)	(17)	–	–	–
Қаржылық кірістер	52.734	–	–	73.889	273.307
Қаржылық шығыстар	(32.519)	(1.128.287)	–	(4.574.412)	(657.175)

Төменде 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған үш ай үшін байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

	Самұрық- Қазына жалпы бақылауын- дағы компания- лар	Самұрық- Энерго бірлескен кәсіпорынд ары мен қауымдас- қан компа- ния-лары	Самұрық- Қазына бірлескен кәсіпорынд ары мен қауымдас- қан компа- ниялары	Акциянер- лер	Мемлекеттік кәсіпорын- дармен опера- циялар
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>					
Түсім	691.368	780	71.048.592	–	72.564.429
Өзіндік құн	(12.277.531)	(14.294.453)	(265.480)	–	(27.812.855)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(174.585)	–	–	–	–
Өткізу шығыстары	(2.059.063)	–	–	–	–
Басқа да шығыстар	(290)	20	(935.387)	178	(320.544)
Басқа да кірістер	(2.875)	9.511	–	178	(718)
Қаржылық кіріс	18.837	–	–	678.604	64.441
Қаржылық шығыстар	28.609	(389.518)	–	(3.683.085)	(113.266)

Төменде 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған үш ай үшін байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

	Самұрық- Қазына жалпы бақылауын- дағы компа- ниялар	Самұрық- Энерго бірлескен кәсіпорынд ары мен қауымдас- қан компа- ниялары	Самұрық- Қазына бірлескен кәсіпорынд ары мен қауымдас- қан компа- ниялары	Акциянер- лер	Мемлекеттік кәсіпорын- дармен опера- циялар
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>					
Түсім	11.466.731	457.515	60.320	–	14.332.632
Өзіндік құн	10.381.009	10.311.511	4.358	–	20.467.744
Жалпы және әкімшілік шығыстар	149.822	–	–	–	–
Өткізу шығыстары	2.050.447	–	–	–	–
Басқа да шығыстар	4.250	6	–	–	–
Басқа да кірістер	3.579	11	2	–	660.942
Қаржылық кіріс	3.667	–	–	–	86.396
Қаржылық шығыстар	741	483.416	–	2.135.054	225.861

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****4. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)**

2025 жылғы 30 маусымға Топ байланысты тараптардан келесі кепілдіктер алды:

- Қазақстанның Даму банкімен қарыз шарты бойынша 12.285.000 мың теңге сомасына Самұрық-Қазынаның корпоративтік кепілдігі (2023 жылғы 31 желтоқсан: 12.285.000 мың теңге);
- Алматы ЖЭО-2 газдандыру жобасын қаржыландыру мақсатында «АлЭС» АҚ-ның Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) қарыз шарты бойынша 130.000.000 мың теңге сомасына Самұрық-Қазынаның корпоративтік кепілдігі. Сондай-ақ, Самұрық-Қазынаның пайдасына Самұрық-Энергодан АлЭС пен ЕҚДБ арасындағы қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету ретінде ЕҚДБ пайдасына Самұрық-Қазынаға берілген кепілдік шеңберінде 130.000.000 мың теңге мөлшерінде кепілдік шартына қол қойылды. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша номиналды негізгі борыш 44.172.619 мың теңге болды;
- Алматы ЖЭО-2 газдандыру жобасын қаржыландыру мақсатында «АлЭС» АҚ-ның Азия даму банкімен (АДБ) қарыз шарты бойынша 98.000.000 мың теңге сомасына Самұрық-Қазынаның корпоративтік кепілдігі. Сондай-ақ, Самұрық-Қазынаның пайдасына Самұрық-Энергодан АлЭС пен АДБ арасындағы қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету ретінде Азия даму банкінің пайдасына Самұрық-Қазынаға берілген кепілдік шеңберінде 98.000.000 мың теңге мөлшерінде кепілдік шартына қол қойылды. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша номиналды негізгі борыш 15.000.000 мың теңге болды.
- Алматы ЖЭО-2 газдандыру жобасын қаржыландыру мақсатында «АлЭС» АҚ-ның Қазақстанның Даму Банкімен (ҚДБ) қарыз шарты бойынша 117.000.000 мың теңге сомасына Самұрық-Қазынаның корпоративтік кепілдігі.

Төменде негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы көрсетілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған 6 ай үшін	
	2025 ж.	2024 ж.
Негізгі басқарушы персонал	488.925	181.594
Тәуелсіз директорлар - Директорлар кеңесінің мүшелері	24.415	23.347
Негізгі басқарушы персоналға сыйақының жиыны	513.340	204.941

Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы жұмыскерлердің жалақысын, сыйлықақыларын және басқа да қысқа мерзімді сыйақыларын және тәуелсіз директорларға – Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақыны білдіреді. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізгі басқарушы персонал 7 адамнан тұрады (2024 жылғы 30 маусым: 7 адам). Тәуелсіз директорлар - Директорлар кеңесінің мүшелері 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 4 адам (2024 жылғы 30 маусым: 4 адам).

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

Төменде негізгі құралдардың баланстық құнындағы өзгерістер көрсетілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	Ғимараттар мен құрылыс- жайлар	Машиналар мен құрал- жабдықтар	Басқалары	Аяқталма- ған құрылыс	Жиыны
2024 жылғы 1 қаңтарға құны	289.835.374	804.939.045	23.216.449	249.034.101	1.367.024.969
Жинақталған тозу және құнсыздану	(125.641.209)	(412.007.658)	(10.322.856)	(11.747.846)	(559.719.569)
2024 жылғы 1 қаңтарға баланстық құны	164.194.165	392.931.387	12.893.593	237.286.255	807.305.400
Түсімдер	14.003	355.603	150.561	32.954.429	33.474.596
Есепті бағалаудағы өзгеріс (13-ескертпе)	32.707	199.054	–	–	231.761
Ауыстырулар	56.662	3.097.383	609.311	(3.763.356)	–
Шығулар	(11.504)	(116.109)	(79.218)	–	(206.831)
Тозу	(7.253.215)	(19.999.730)	(848.090)	–	(28.101.035)
Есептен шығарулар бойынша тозу	4.843	99.775	68.462	–	173.080
2024 жылғы 30 маусымға құны	289.927.242	808.474.216	23.897.095	278.225.174	1.400.523.727
Жинақталған тозу және құнсыздану	(132.889.581)	(431.906.853)	(11.102.476)	(11.747.846)	(587.646.756)
2024 жылғы 30 маусымға баланстық құны	157.037.661	376.567.363	12.794.619	266.477.328	812.876.971
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	Ғимараттар мен құрылыс- жайлар	Машиналар мен құрал- жабдықтар	Басқалары	Аяқтал- маған құрылыс	Жиыны
2025 жылғы 1 қаңтарға құны	306.348.606	1.027.230.382	27.978.062	197.141.703	1.558.698.753
Жинақталған тозу және құнсыздану	(139.709.918)	(452.714.777)	(11.746.509)	(11.760.540)	(615.931.744)
2025 жылғы 1 қаңтарға баланстық құны	166.638.688	574.515.605	16.231.553	185.381.163	942.767.009
Түсімдер	154.244	359.796	870.369	130.153.235	131.537.644
Есепті бағалаудағы өзгеріс (13-ескертпе)	(810.828)	(1.587.924)	–	–	(2.398.752)
Ауыстырулар	1.450.512	5.647.908	1.521.632	(8.620.052)	–
Шығулар	(110)	(703.705)	(118.968)	–	(822.783)
Тозу	(8.129.414)	(27.697.110)	(1.183.796)	–	(37.010.320)
Есептен шығарулар бойынша тозу	97	680.207	117.253	–	797.557
МЕА-ға аудару	–	–	–	(516.124)	(516.124)
2025 жылғы 30 маусымға құны	307.142.424	1.030.946.457	30.251.095	318.158.762	1.686.498.738
Жинақталған тозу және құнсыздану	(147.839.235)	(479.731.680)	(12.813.052)	(11.760.540)	(652.144.507)
2025 жылғы 30 маусымға баланстық құны	159.303.189	551.214.777	17.438.043	306.398.222	1.034.354.231

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)**

Түсімдер сомасы 11.376.790 мың теңге сомасында қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындарды қамтиды (2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 5.739.331 мың теңге). Сыйақы бойынша шығыстарды капиталдандырудың орташа мөлшерлемесі 15,24% құрайды (2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 17,29%).

Тозу шығыстары пайда мен зиянның келесі баптарына және бір жылғы негізгі құралдарға жатқызылды:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған 6 ай үшін	
	2025 ж.	2024 ж.
Сатудың өзіндік құны	36.790.707	27.958.147
Жалпы және әкімшілік шығыстар	213.739	101.983
Басқа да операциялық шығыстар	3.056	38.220
Аяқталмаған құрылысқа капиталға айналдырылған	2.821	2.685
Тозу бойынша шығыстар жиыны	37.010.322	28.101.035

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

Төмендегі кестеде Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салған инвестицияларының баланстық құнының өзгеруі көрсетілген.

	Бірлескен кәсіпорындар				Қауымдасқан компаниялар			
			Көкшетау ЖЭО	Өскемен Энерго	Семей Энерго	Энергия Семиречья	Altyn Dala Energy LTD	Жиыны
Мың қазақстандық теңгемен	СЭГРЭС-2	Forum Muider						
2024 жылғы 1 қаңтарға қалдық	10.695.459	79.941.043	–	–	–	1	–	90.636.503
Жарғылық капиталға салынған салым	–	–	–	–	–	–	1.666	1.666
Кезеңдегі пайдадағы/(залалдағы) үлес	4.507.427	329.173	–	–	–	–	(1.666)	4.834.934
2024 жылғы 30 маусымға қалдық (аудиттелмеген)	15.202.886	80.270.216	–	–	–	1	–	95.473.103
2025 жылғы 1 қаңтарға қалдық	5.410.702	79.401.647	2.053.179	–	–	1	4.981	86.870.510
Жарғылық капиталға салынған салым	–	–	–	61.506	79.545	–	111.195	252.246
Кезеңдегі пайдадағы/(залалдағы) үлес	2.367.825	6.912.470	17.726	(2.193)	(21.257)	–	(13.045)	9.261.526
Басқа да жиынтық кірістері үлес	–	35.859	–	–	–	–	–	35.859
2025 жылғы 30 маусымға қалдық (аудиттелмеген)	7.778.527	86.349.976	2.070.905	59.313	58.288	1	103.131	96.420.141

2025 жылғы 2 мамырда Топтың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 21 ақпандағы Шешімі негізінде «Қызылорда облысында 1100 МВт ПМУ құрылысы» жобасын іске асыру шеңберінде Kuzylorda Energy LTD бірлескен кәсіпорны (қатысу үлесі 30%) құрылды. Қалған 70% иелік ету үлесі UCC Qazaqstan 3 LLC-ге тиесілі.

2025 жылғы 30 маусымға Топтың келесі бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарда иелік ету үлесі бар:

- Екібастұз ГРЭС-2 станциясы – 50%. Қалған 50% иелік ету үлесі «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі;
- Forum Muider – 50%. Қалған 50% иелік ету үлесі UC RUSAL-ға тиесілі;
- «Көкшетау ЖЭО» ЖШС - 50% Қалған 50% иелік ету үлесі Самұрық-Қазынаға тиесілі;
- «Семей Энерго» ЖШС - 50% Қалған 50% иелік ету үлесі Самұрық-Қазынаға тиесілі;
- «Өскемен Энерго» ЖШС - 50% Қалған 50% иелік ету үлесі Самұрық-Қазынаға тиесілі;

2025 жылғы 30 маусымға Топтың келесі қауымдасқан кәсіпорындарда иелік ету үлесі бар:

- «Энергия Семиречья» ЖШС - 25%. Қалған 75% иелік ету үлесі мыналарға тиесілі: «Hydrochina Corporation» (қатысу үлесі 50%); «Powerchina Chegdu Engineering Corporation» (қатысу үлесі 15%); және Powerchina Resources Ltd (қатысу үлесі 10%);
- «Altyn Dala Energy Ltd.» жеке компания (QGP PLC арқылы қатысу үлесі 25%). Қалған 75% иелік ету үлесі «TUMAR COMMERCE» ЖШС-не тиесілі.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

7. БАСҚА ДА АЙНАЛИМНАН ТЫС АКТИВТЕР

Мың қазақстандық теңгемен	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Облигациялар	515.511	485.919
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	270.955	270.955
Басқа да айналымнан тыс қаржы активтері	10.610	10.609
Минусы: құнсыздану резерві	(7.586)	(7.398)
Басқа да қаржылық айналымнан тыс активтердің жиыны	789.490	760.085
Айналымнан тыс активтер бойынша алдын ала төлемдер	151.954.649	148.544.769
Өтелуге жататын ұзақ мерзімді ҚҚС	54.754	54.754
Басқа да айналымнан тыс активтер	5.878.465	3.974.175
Минусы: құнсыздану резерві	(15.512.539)	(15.512.539)
Басқа да айналымнан тыс активтердің жиыны	143.164.819	137.821.244

Құнсыздану резервін шегергендегі өзге де айналымнан тыс активтерге мынадай күрделі сипаттағы қызметтер мен негізгі құралдар үшін аванстар мен алдын ала төлемдер жатады:

Мың қазақстандық теңгемен	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып Алматы ЖЭО-2 жаңғырту	54.147.033	56.143.800
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС отын беруді қайта құру және жаңғырту	37.028.893	38.857.777
Алматы ЖЭО-3 қайта құру	28.883.527	33.445.459
Ерейментау қаласында 50 МВт ЖЭС салу	15.376.102	15.376.102
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС энергоблоктары мен жалпы станциялық жабдықтарын күрделі жөндеу	11.704.287	-
Басқалары	4.814.807	4.721.631
Айналымнан тыс активтер бойынша алдын ала төлемдер жиыны	151.954.649	148.544.769

8. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

Мың қазақстандық теңгемен	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қосалқы өндірістік материалдар (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза бағасы бойынша)	12,809,862	13.349.058
Отын (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза бағасы бойынша)	8,236,858	11.296.676
Қосалқы бөлшектер (өзіндік құнның ең азы немесе өткізудің таза бағасы бойынша)	6,278,910	3.409.470
Шикізат (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза бағасы бойынша)	98,916	49.208
Басқа да материалдар (өзіндік құнның ең азы немесе өткізудің таза бағасы бойынша)	1,275,652	931.156
Өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза бағасы бойынша тауар-материалдық қорлар жиыны	28.700.198	29.035.568

2025 жылғы 30 маусымда және 2024 жылғы 31 желтоқсанда тауар-материалдық қорлар қарыз қаражаты бойынша қамтамасыз ету ретінде көрсетілмеді.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Топ сатудың таза құны бойынша 322.051 мың теңге мөлшерінде көрсетілген қорларға қатысты шығыстарды мойындады (2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 272.157 мың теңге). Осы сома «Сатудың өзіндік құны» бабында көрсетілген (18-ескертуге).

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

9. НЕГІЗІ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Мың қазақстандық теңгемен	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Негізгі қызмет бойынша сауда дебиторлық берешек	81.338.877	75.933.591
Операциялық жалдау бойынша дебиторлық берешек	11.755.053	1.563.444
Минусы: құнсыздану резерві	(5.486.314)	(2.836.594)
Қаржылық дебиторлық берешек жиыны	87.607.616	74.660.441
Басқа да дебиторлық берешек	1.836.389	1.547.626
Минусы: құнсыздану резерві	(1.161.514)	(1.498.534)
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа да дебиторлық берешек жиыны	88.282.491	74.709.533

10. БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

Мың қазақстандық теңгемен	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Облигациялар мен бағалы қағаздар	21.229.308	18.083.266
Басқа да дебиторлық берешек	557.258	547.915
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	305.005	305.005
Басқа да айналымдағы қаржы активтері	78.904	139.339
Мерзімді депозиттер	3.496	3.270
Минусы: құнсыздану резерві	(613.426)	(612.810)
Басқа да қаржылық айналымдағы активтердің жиыны	21.560.545	18.465.985
Өнім жеткізушілерге аванстар	7.081.599	5.152.018
Өтелуге жататын ҚҚС және салықтар бойынша алдын ала төлемдер	7.553.624	3.515.276
Басқа да қаржылық емес айналымдағы активтер	3.421.239	2.778.584
Минусы: құнсыздану резерві	(418.287)	(418.732)
Басқа да айналымдағы активтердің жиыны	39.198.720	29.493.131

2025 жылғы 30 маусымға облигациялар мен бағалы қағаздарға 19.374.625 мың теңге сомасына Самұрық-Қазынаның облигациялары кіреді. Самұрық-Қазынаның бір облигациясының номиналды құны 1.000 теңгені құрайды, мерзімі - 1 жылға дейін. Сыйақының купондық мөлшерлемесі, 0,75% мөлшерінде тіркелген маржаны шегере отырып, ҚРҰБ купондық кезең ішінде белгілеген базалық мөлшерлемелердің орташа мәні ретінде есептеледі. Сондай-ақ, 2025 жылғы 30 маусымға облигациялар мен бағалы қағаздарға ҚР Ұлттық Банкінің 1.850.428 мың теңге сомасына ноттары кіреді.

2025 жылғы 4 маусымда Топ Самұрық-Қазынаның қысқа мерзімді облигацияларын 2025 жылдың соңына дейінгі мерзіммен 6.000.000 мың теңге жалпы сомаға сатып алды. Сыйақының купондық мөлшерлемесі, 0,75% мөлшерінде тіркелген маржаны шегере отырып, ҚРҰБ купондық кезең ішінде белгілеген базалық мөлшерлемелердің орташа мәні ретінде есептеледі. 2025 жылғы 4 маусымда Самұрық-Қазына 5.000.000 мың теңге жалпы сомаға облигацияларды толығымен өтеді.

Сондай-ақ, 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 айдың ішінде Топ ҚР Ұлттық Банкінің 13.610.816 мың теңге жалпы сомаға Ноттарын сатып алды, бұл ретте ҚР Ұлттық Банкінің Ноттары 12.020.339 мың теңге жалпы сомаға өтелді.

11. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың қазақстандық теңгемен	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Кемінде үш ай өтеудің бастапқы мерзімі бар басқа да банктермен сатып алу және кері сату («кері репо») шарттары	83.445.236	81.546.780
Мерзімді депозиттер	75.591.063	11.124.039
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты	382.335	2.265.408
Кассадағы ақша қаражаты	17.565	20.081
Минусы: құнсыздану резерві	(4.871)	(4.013)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының жиыны	159.431.328	94.952.295

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

11. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (жалғасы)

Ақша қаражаты мен оның баламалары келесі валюталарда білдірілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Теңге	159.405.414	94.951.744
Еуро	457	551
Басқа валюталар	25.457	–
Ақша қаражаты мен оның баламаларының жиыны	159.431.328	94.952.295

12. КАПИТАЛ

Акционерлік капитал

2025 жылғы 30 маусымға шығарылған 7.002.267 жай акция толығымен төленді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 6.952.267 акция). Әрбір жай акция бір дауыс беру құқығын береді. Компанияның артықшылықты акциялары жоқ. Жарияланған акциялардың саны 8.602.187 акцияға тең (2024 жылғы 31 желтоқсан: 8.602.187 акция).

2025 жылғы 4 маусымда «Самұрық-Қазына» АҚ «Алматы ЖЭО-3 қайта құру» жобасын іске асыру шеңберінде «АлЭС» АҚ одан әрі капиталдандыру мақсатында басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес 6.454.795 мың теңге жалпы сомаға ақша қаражатын беру арқылы 1 жай акция үшін 129.095 теңге 90 тиын орналастыру бағасы бойынша Компанияның 50.000 акциясын сатып алды.

2024 жылғы 2 мамырда Самұрық-Қазына Компания акцияларының эмиссиясын төлеу есебіне Компанияға құны 36.224.485 мың теңге және 23.505.742 мың теңге құны болатын 375.500 және 260.000 акция көлемінде Шүлбі ГЭС-в және ӨГЭС-де 100% қатысу үлесін берді. Қатысу үлестерінің әділ құны 2024 жылғы 30 сәуірдегі жағдай бойынша Акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес Компанияның тәуелсіз бағалаушыларды тартуы арқылы анықталды. Сатып алудың әділ құны мен шығарылған акциялардың құны арасындағы 8.957.051 мың теңге сомасындағы айырма басқа резервтік капиталдың ұлғаюы ретінде көрсетілді.

Дивидендтер

2024 жылғы 11 сәуірде Шүлбі ГЭС және ӨГЭС Самұрық-Қазына пайдасына 3.249.965 және 1.000.000 мың теңге мөлшерінде дивидендтер төленетіні туралы жариялады. Дивидендтер 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай ішінде төленді.

2024 жылғы 25 сәуірде Топ жалғыз акционерге 20.565.904 мың теңге – бір акция үшін 3.258,24 теңге мөлшерінде дивидендтер төлейтінін жариялады. 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша дивидендтер төленбеді. Дивидендтер 2024 жылғы 24 шілдеде толығымен төленді.

2025 жылғы 10 сәуірде Топ жалғыз акционерге 20.565.918 мың теңге – бір акция үшін 2.958,16 теңге мөлшерінде дивидендтер төлейтінін жариялады. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша дивидендтер төленбеді (15-ескертпе).

13. АКТИВТЕРДІ ЖОЮ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР РЕЗЕРВІ

Төменде объектілерді пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелер резерві бойынша қозғалыс көрсетілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	Ескер.	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым
1 қаңтарға резерв		24.069.220	20.810.977
Негізгі құралдар арқылы есептік бағалауды өзгерту	6	(2.098.015)	319.082
Дисконт амортизациясы	21	1.317.673	1.069.328
Объектілерді пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелер резервінің жиыны		23.288.878	22.199.387

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****13. АКТИВТЕРДІ ЖОЮ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР РЕЗЕРВІ (жалғасы)**

Төменде күл үйінділерін жоюға арналған резерв бойынша қозғалыс берілген:

Мың қазақстандық теңгемен	Ескер.	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 30 маусым
1 қаңтарға резерв		3.739.351	3.143.439
Негізгі құралдар арқылы есептік бағалауды өзгерту	6	(300.737)	(87.321)
Дисконт амортизациясы	21	202.614	291.138
Басқалары		(251.384)	(55.089)
Күл үйінділерін жоюға арналған резервтің жиыны		3.389.844	3.292.167

Мың қазақстандық теңгемен		2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді бөлік		25.982.305	26.900.279
Қысқа мерзімді бөлік		696.417	908.290
Күл үйінділерін жоюға арналған резервтің жиыны		26.678.722	27.808.569

14. ҚАРЫЗДАР

Мың қазақстандық теңгемен		2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді бөлік			
Мерзімді банк қарыздары		145.016.585	163.230.819
Самұрық-Қазынадан алынған қарыз		82.756.843	81.042.825
Шығарылған облигациялар		42.715.587	44.452.414
Тұтынушылардан алынған қарыздар		608.796	678.592
Қарыздар жиыны - ұзақ мерзімді бөлік		271.097.811	289.404.650
Қысқа мерзімді бөлік			
Мерзімді банк қарыздары		40.859.770	32.539.739
Богатырь-Көмірден алынған қарыз		14.269.519	15.613.063
Самұрық-Қазынадан алынған қарыз		2.756.435	2.761.153
Шығарылған облигациялар		30.638.058	32.332.561
Тұтынушылардан алынған қарыздар		459.787	447.234
Қарыздар жиыны - қысқа мерзімді бөлік		88.983.569	83.693.750
Қарыздардың жиыны		360.081.380	373.098.400

Төмендегі кестеде ұсынылған кезеңдердің әрқайсысы үшін қаржылық қызметтен туындайтын таза борыш сомасы мен Топ міндеттемелеріндегі өзгерістерді талдау келтірілген. Бұл міндеттемелердің баптары қаржылық қызмет құрамындағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген.

Мың қазақстандық теңгемен	Ескер.	30 маусымда аяқталған алты ай үшін 2025 ж.	2024 ж.
1 қаңтарға қарыздар		373.098.400	270.194.078
Алынған қарыздар және шығарылған облигациялар бойынша түсімдер		18.941.278	52.481.447
Қарыздарды өтеу		(37.091.459)	(55.392.156)
Төленген сыйақы		(21.220.752)	(12.746.874)
Инвестициялық қызметтен (негізгі құралдарды сатып алудан) түскен ақша қаражатының қозғалысында көрсетілген капиталдандырылған сыйақы		–	(1.345.614)
Алынған қарызды бастапқы тану кезінде дисконтты есептеу		11.376.790	5.739.331
Капиталға айналдырылған сыйақы	6		
Пайыздық шығыстар		10.594.519	8.471.934
- сыйақыны есептеу	21	4.346.821	3.931.909
- келтірілген құн дисконтын болдырмау	21	146	(536)
Бағамдық айырмалар бойынша түзетулер		35.637	–
Басқалары			
30 маусымға қарыздар		360.081.380	271.333.519

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

14. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде алынған қарыздарда келесі елеулі өзгерістер болды:

«Самұрық-Энерго» АҚ

2025 жылғы 13 қаңтарда Топ «Богатырь-Көмір» ЖШС-не алынған қарыздар бойынша борыштың негізгі сомасын ішінара өтеу есебіне 1.500.000 мың теңге және қарыздар бойынша 533.035 мың теңге сыйақы төледі.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ Самұрық-Қазынадан 2.381.109 мың теңге сомаға алынған қарыздарды өтеді. сондай-ақ шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша 3.473.655 мың теңге сомаға төлем жасады.

«Алматы электр станциялары» АҚ

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен кредиттік желі беру туралы келісім шеңберінде Топ айналым қаражатын толықтыруға 17,25% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 4.932.813 мың теңге жалпы сомаға қарыздар алды.

2025 жылғы 1 жартыжылдықта «АлЭС» АҚ 11.931.510 мың теңге жалпы сомаға. оның ішінде мерзімінен бұрын 9.571.856 мың теңге сомаға «Қазақстан Халық банкі» АҚ-дан қысқа мерзімді қарыздар бойынша негізгі борышты өтеді. Қарыздар мен банк кепілдігі бойынша төленген пайыздар 714.677 мың теңгені құрады.

«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Топ «Қазақстан Халық банкі» АҚ-нан алынған қарыздар бойынша 2.853.542 мың теңге жалпы сомаға негізгі борышты өтеді. Қарыздар бойынша төленген пайыздар 6.015.590 мың теңге.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен кредиттік желі беру туралы келісім шеңберінде Топ айналым қаражатын толықтыруға 4.280.030 мың теңге жалпы сомаға қарыздар алды.

2025 жылғы 1 жартыжылдықта «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ 5.995.585 мың теңге жалпы сомаға «Қазақстан Халық банкі» АҚ-дан қысқа мерзімді қарыздар бойынша негізгі борышты өтеді. Қарыздар мен банк кепілдігі бойынша төленген пайыздар 714.677 мың теңгені құрады.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен Кредиттік желі беру туралы келісімге Қосымша келісім шеңберінде «АЖК» АҚ «АЖК» АҚ Филиалы - «Энергосбыт»-тың айналым қаражатын толықтыруға 18,5% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 8.000.000 мың теңге жалпы сомаға қарыздар алды.

«АЖК» АҚ филиалы - «Энергосбыт» «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның қарыздары бойынша 8.000.000 мың теңге жалпы сомаға негізгі борышты және 438.278 мың теңге сомаға сыйақыны өтеді.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

15. НЕГІЗІ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
ЕРС-келісімшарттары бойынша қаржылық міндеттемелер	120.587.290	44.112.127
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек	37.793.428	37.953.659
Дивидендтер бойынша берешек (12-ескертпе)	20.565.918	–
НҚ сатып алу бойынша кредиторлық берешек	17.868.519	37.799.256
Басқа да қаржылық кредиторлық берешек	7.545.979	3.459.770
Қаржылық кредиторлық берешек жиыны	204.361.134	123.324.812
Ұзақ мерзімді бөлік	7.548.939	2.344.844
Қысқа мерзімді бөлік	196.812.195	120.979.968
Қаржылық кредиторлық берешек жиыны	204.361.134	123.324.812
Алматы қаласының Әкімдігі алдындағы берешек (2-ескертпе)	5.841.514	5.841.514
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген резервтер	5.268.163	4.192.983
Жалақы бойынша берешек	3.177.148	3.652.270
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған аванстар	2.078.176	2.261.103
Басқа да қаржылық емес кредиторлық берешек	1.510.033	1.948.499
Қаржылық емес кредиторлық берешек жиыны	17.875.035	17.896.369
Ұзақ мерзімді бөлік	17.722	19.225
Қысқа мерзімді бөлік	17.857.313	17.877.144
Қаржылық емес кредиторлық берешек жиыны	17.875.035	17.896.369
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа да кредиторлық берешек жиыны	222.236.169	141.221.181

ЕРС-келісімшарттары бойынша қаржылық міндеттемелер «Алматы ЖЭО-2 қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту» және «Алматы ЖЭО-3 қайта құру» инвестициялық жобалары бойынша ЕРС-келісімшарттары шеңберінде жабдықтар мен өндіріс процесінде тиелген жабдықтар үшін орындалған жұмыстар бойынша міндеттемелерді қамтиды (2-ескертпе):

- POWERCHINA SEPCO1 Electric Power Construction Co. 80.525.632 мың теңге мөлшерінде, оның ішінде ұзақ мерзімді бөлік 7.440.068 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 20.824.369 мың теңге, оның ішінде ұзақ мерзімді бөлік 2.235.973 мың теңге);
- «KBI Energy Group» ЖШС 36.808.872 мың теңге мөлшерінде (2024 жылғы 31 желтоқсан: 19.247.735 мың теңге);
- POWERCHINA SEPCO1 Electric Power Construction ф-л 3.314.596 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 4.040.024 мың теңге).

Негізгі құралдар бойынша өнім жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешектің негізгі сомасына «Алматы ЖЭО-2 қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту» инвестициялық жобасы бойынша жеткізілген жабдық бойынша 8.872.653 мың теңге сомасына POWERCHINA SEPCO1 Electric Power Construction Co берешегі кіреді.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****16. САЛЫҚТАР МЕН БЮДЖЕТКЕ БАСҚА ДА ТӨЛЕМДЕР БОЙЫНША БЕРЕШЕК**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
ҚҚС	17.923.944	3.254.312
Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем	1.426.422	1.756.884
Парниктік газдар шығарындыларына қосымша квоталар сатып алуға арналған резерв	1.212.614	1.214.581
Дербес табыс салығы	608.072	948.411
Әлеуметтік салық	514.151	731.298
Резидент еместердің төлем көзінен ұсталатын КТС	13.393	14.163
Басқалары	851.376	764.629
Салықтар мен бюджетке басқа да төлемдер бойынша берешек жиыны	22.549.972	8.684.278

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша салықтар бойынша берешек «БГЭС» АҚ қатысуымен жасалған операциялық жалдау шартының шеңберінде қосылған құн салығын (ҚҚС) есептеу нәтижесінде қалыптасты (17-ескертілме). Есептелген сома шарттың талаптарында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасында белгіленген мерзімдерде төленуге тиіс.

17. ТҮСІМ

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		30 маусымда аяқталған үш ай үшін	
	2025 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2024 ж.
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім - 15 ҚЕХС (IFRS):				
Электр қуатын өткізу	254.311.352	218.178.750	117.768.723	106.536.447
Электр қуатының өзіндік қолдау қызметінен түскен кіріс	32.654.947	29.629.575	16.020.862	15.011.800
Жылу энергиясын сату	21.400.848	15.816.248	3.770.259	3.268.192
Химия араласқан суды сату	2.033.769	879.396	1.266.948	478.599
Электр энергиясын беру және тарату	916.027	4.572.897	459.921	899.429
Басқасы	159.182	328.944	126.205	175.691
Жиыны	311.476.125	269.405.810	139.412.918	126.370.158
Жалдаудан түскен кіріс - 16 ҚЕХС (IFRS):				
Инвестициялық меншікті жалға беруден түскен кіріс	70.966.805	7.887.438	66.520.785	3.960.388
ЖЭК электр станцияларын жалға беруден түскен кіріс	4.509.048	3.814.208	1.757.252	1.617.803
Жиыны	75.475.853	11.701.646	68.278.037	5.578.191
Түсім жиыны	386.951.978	281.107.456	207.690.955	131.948.349

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша барлық түсім кезең ішінде танылады.

2025 жылғы 21 ақпанда «БГЭС» АҚ, Топтың еншілес ұйымы мен «Қазмырыш» ЖШС арасында Бұқтырма ГЭС Мүліктік кешенін жалға алудың жаңа шартына (бұдан әрі – Шарт) қол қойылды.

2025 жылғы 19 мамырда «Қазмырыш» ЖШС-мен жалдау шартын жасасу арқылы Бұқтырма ГЭС Мүліктік кешенінің үшінші тұлғаларының құқықтарына ауыртпалық салу жөніндегі осы мәмілені «БГЭС» АҚ жасауға № 350 қаулы нысанында ҚР Үкіметінің рұқсаты алынды.

Жалдау мерзімі 5 жылды құрайды. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін, Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, сондай-ақ Шарттың қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде «Қазмырыш» ЖШС «Қазмырыш» ЖШС-нің қалыпты тозуы мен сатып алған (өндірген) жақсартуларын ескере отырып, «БГЭС» АҚ-ны алған күйінде Мүліктік кешенді қайтаруға міндетті.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****17. ТҮСІМ (жалғасы)**

«Қазмырыш» ЖШС Мүліктік кешенді уақытша иелену және пайдалану (жалға алу) нәтижесінде алынған қосымша кірісі «БГЭС» АҚ пайдасына 80%, «Қазмырыш» ЖШС пайдасына 20% бөлуге жатады.

Осылайша, Шарттың талаптары қаржылық жалдау критерийлеріне сәйкес келмейді, қаржылық жалдау белгілеріне ие емес және операциялық жалдау ретінде жіктелуге жатады.

18. САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		30 маусымда аяқталған үш ай үшін	
	2025 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2024 ж.
Жағар май	63.040.942	54.754.324	21.308.903	19.347.174
Еңбекақыны төлеу және байланысты шығыстар	40.010.011	30.856.623	21.052.915	15.709.559
Сатып алынған электр энергиясының құны	37.613.989	27.032.054	21.195.973	14.586.983
Негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясына	37.167.788	28.255.410	18.637.436	14.089.502
Электр энергиясын беру қызметтері және өзге де қызметтер	12.205.778	9.282.419	6.420.713	4.530.072
Сумен қамсыздандыру	6.629.824	4.439.928	3.511.585	2.398.919
Табыс салығынан басқа салықтар	6.170.542	5.929.506	2.955.646	2.713.051
Жөндеу және ұстау	6.142.563	4.274.046	4.021.369	2.943.542
Бөгде ұйымдардың қызметтері	5.814.313	4.298.607	3.118.980	2.362.073
Материалдар	2.925.510	1.467.635	1.777.844	583.804
Күзет қызметтері	1.629.250	1.265.528	845.690	656.451
Желілердегі шығындар	418.302	97.148	209.524	59.531
Өтпейтін тауар-материалдық қорлар бойынша резервтерді есептеу/(қалпына келтіру)	322.051	272.157	228.767	10.993
Прочие	1.986.222	1.703.424	1.110.731	876.521
Сатудың өзіндік құнының жиыны	222.077.085	173.928.809	106.396.076	80.868.175

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****19. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		30 маусымда аяқталған үш ай үшін	
	2025 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2024 ж.
Еңбекақыны төлеу және байланысты шығыстар	7.066.722	5.496.737	3.493.715	2.827.933
Мемлекеттік баж	4.450.315	(48.191)	4.440.246	27.181
Негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясына	633.713	540.501	343.322	268.830
Кеңес беру және басқа да кәсіптік қызметтер	473.913	384.143	185.077	153.761
Бағдарламалық жасақтамаға қызмет көрсету	270.280	319.972	146.807	148.199
Іссапар және өкілдік шығыстар	239.024	188.687	166.666	109.064
Жөндеу шығыстары	184.605	120.817	87.825	70.899
Материалдар	150.452	161.254	91.202	63.853
Жалдау шығыстары	106.757	84.141	51.820	42.858
Күзет қызметтері	98.481	90.630	49.297	45.216
Көлік шығыстары	75.586	31.485	42.062	16.574
Табыс салығынан басқа өзге салықтар	69.169	139.003	33.305	28.390
Байланыс шығыстары	44.929	37.814	23.360	18.355
Сақтандыру	36.252	28.036	18.055	14.461
Банк алымдары	23.377	54.135	15.165	34.528
Қайырымдылық	-	823.878	-	823.878
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешектің және өзге де дебиторлық берешектің өзге де айналымдағы активтердің құнсыздану резервтерін қалпына келтіру/(есептеу)	-	32.537	-	10.649
Басқалары	777.740	773.271	468.716	452.609
Жалпы және әкімшілік шығыстар жиыны	14.701.315	9.258.850	9.656.640	5.157.238

20. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		30 маусымда аяқталған үш ай үшін	
	2025 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2024 ж.
Кредиттік мекемелердегі қаражат және ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша сыйақы	6.076.484	3.455.545	3.403.043	1.998.142
Облигациялар мен қарыздар бойынша сыйақы	1.464.182	-	837.967	-
Пайыздық кірістер - облигациялар мен қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	-	287.270	-	195.857
Басқалары	10.380	94.263	6.349	84.145
Қаржылық кірістер жиыны	7.551.046	3.837.078	4.247.359	2.278.144

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****21. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР**

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		30 маусымда аяқталған үш ай үшін	
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2025 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2024 ж.
<i>Облигациялар мен қарыздар бойынша пайыздық шығыстар</i>				
- сыйақы бойынша шығыстар	10.594.519	8.471.934	5.251.008	4.691.458
- келтірілген құн дисконтын амортизациялау	4.346.821	3.931.909	1.984.704	1.928.052
<i>Келтірілген құн дисконтын амортизациялау</i>				
- жою міндеттемесінің резерві (13-ескертпе)	1.520.287	1.360.466	976.343	680.233
- жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	161.681	116.750	82.056	56.761
- басқа резервтер	433.982	–	216.991	–
Басқалары	926.660	974.733	716.177	798.455
Қаржылық шығыстар жиыны	17.983.950	14.855.792	9.010.288	8.154.959

22. ТАБЫС САЛЫҒЫ

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		30 маусымда аяқталған үш ай үшін	
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2025 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2024 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	31.930.670	19.377.713	20.661.354	8.216.241
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнөмділік	(705.668)	(3.021.340)	(174.732)	(1.713.352)
Табыс салығы бойынша шығыстар жиыны	31.225.002	16.356.373	20.486.622	6.502.889

23. ШАРТТЫ ӘРІ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Төменде көрсетілген ақпараттан басқа, 2025 жылғы 30 маусымға 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылғаннан басқа, қандай да бір шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер болған жоқ.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында табиғатты қорғау заңнамасы қатаңдатылуда және оның сақталуын қамтамасыз етуге қатысты қазақстандық мемлекеттік органдардың ұстанымын қайта қарау жалғасуда. 2021 жылы Қазақстан Республикасында жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер етуге қабілетті қызметті жүзеге асыруына байланысты туындайтын адам мен табиғаттың өзара іс-қимылы (экологиялық қатынастар) саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін жаңа экологиялық кодекс күшіне енді. Қоршаған ортаны ластағаны үшін өнеркәсіптік кәсіпорындардың жауапкершілігін арттырумен қатар, экологиялық кодекс қалдықтарды басқару иерархиясын енгізуді де қарастырады және қызмет салдарын жою бойынша талаптарды белгілейді.

Осы кодекстің ережелері 2025 жылдан бастап қоршаған ортаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары бойынша неғұрлым ірі I санаттағы елу объект (бұдан әрі – «Топ – 50») үшін кешенді экологиялық рұқсаттарды (бұдан әрі – «КЭР») алуды міндеттейді, оның негізі Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті беретін ең жақсы қолжетімді техниканы (бұдан әрі – «ЕКТ») қолдануға байланысты өндірісте ең үздік қолжетімді техниканы енгізу болып табылады.

ТОП - 50 тізіміне Самұрық-Энерго төрт объектісі «ЭГРЭС-1» ЖШС, «СЭГРЭС-2» АҚ, «АлЭС» АҚ (ЖЭО–2, ЖЭО-3) кірді.

Энергия өндіруші ұйымдар үшін (бұдан әрі – ЭӨҰ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 23 қаңтардағы Қаулысымен бекітілген «Энергия өндіру мақсатында ірі қондырғыларда отынды жағу» (бұдан әрі – «СНДТ») Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалық әзірленді. Кешенді экологиялық рұқсат алу үшін негіз Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 11 наурыздағы Қаулысымен бекітілген СНДТ-ға қорытынды болып табылады.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****23. ШАРТТЫ ӘРІ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР
(жалғасы)*****Қоршаған ортаны қорғау мәселелері (жалғасы)***

Қазіргі уақытта Топ басшылығы ЕҚТ енгізудің болашақ операциялық және күрделі шығындардың құнына әсерін бағалайды, өйткені шекті тариф арқылы ЕҚТ енгізуге инвестицияларды қайтару электр энергиясына шекті тарифтердің құбылуына әкеледі.

Сонымен қатар, «Қоршаған ортаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары бойынша 2021 жылғы 1 қаңтарға ең ірі I санаттағы елу объектінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 1131 Қаулысына 2025 жылдан бастап 2031 жылға дейін Ең үздік қолжетімді техникаларға кезең-кезеңімен көшу жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу талабымен ЭӨҰ үшін ЕҚТ енгізу мерзімдерін ауыстыру бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Осыған орай, Қоғамның еншілес тәуелді ұйымдары (ГРЭС-1, ГРЭС-2, АлЭС және ЭТЭЦ) Ең үздік қолжетімді техникаларға кезең-кезеңімен көшу жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу бойынша жұмыс жасады. Ең үздік қолжетімді техниканы енгізу жөніндегі жол карталары ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігімен келісіліп, 2025 жылғы мамырда ҚР Энергетика министрлігімен бекітілді.

Топтың белгілі бір кәсіпорындарына қолданылатын экологиялық кодекстің басқа ережелеріне шығарындыларды бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін орнату және қалдықтармен жұмыс жасау әдістері кіреді. Толық бағалау жүргізілгенге дейін Қазақстанның жаңа экологиялық кодексінің жаңа талаптарының қаржылық салдарын бағалау мүмкін емес, бірақ қалдықтарды басқару және тиісті мониторинг процестерін әзірлеу үшін қажетті қосымша инвестициялар түрінде немесе қалдықтарды өндіру үшін төлемді арттыру түрінде экологиялық талаптарды сақтау құнының өсуі күтілуде.

Экологиялық кодекстің жаңадан енгізілген нормаларына сәйкес кәсіпорындарда қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелер бар, бірақ салдарларды жою жөніндегі талаптар объектілердің сипатына, қоршаған ортаға әсер ету дәрежесіне және кәсіпорындар қызметінің саласына байланысты айқындалатын өндірістік кәсіпорындар мен құрылыс объектілерінің санатына байланысты болады. 2022 жылы Топ өз объектілерін пайдалану салдарын жоюға қатысты қосымша міндеттемелерді мойындады (13-ескерту).

Экологиялық кодекстің қолданыстағы редакциясы кезінде Топтың 2029 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде I санаттағы объектілердің салдарын жою үшін қаржылық қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттемесі болады. Қаржылық қамтамасыз ету мына күйде беріледі: Кепілдік; банктік салым кепілі; мүлік кепілі; сақтандыру. Қаржылық қамтамасыз ету жоғарыда аталған қаржылық қамтамасыз етудің бірнеше түрінің бірімен немесе банктік салым кепілі түріндегі қаржылық қамтамасыз ету үлесі мыналарды құрауы тиіс болған жағдайда I санаттағы объект операторының таңдауы бойынша олардың үйлесімінде ұсынылады:

- 1) Объект пайдалануға берілген күннен бастап он жыл өткен соң (2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған объектілер үшін 2036 жылға дейін) - қаржылық қамтамасыз етудің жалпы сомасының кемінде елу пайызы;
- 2) Объект пайдалануға берілген күннен бастап жиырма жыл өткен соң (2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған объектілер үшін 2046 жылға дейін) - қаржылық қамтамасыз етудің жалпы сомасының жүз пайызы.

I санаттағы объектінің операторы осындай объектіні пайдалану салдарын жою жөніндегі өзінің барлық міндеттемелері толық орындалғанға дейін қаржылық қамтамасыз етудің болуын үздіксіз қамтамасыз етуге міндетті.

Қаржылық қамтамасыз ету мөлшері I санаттағы объектіні пайдалану салдарын жою жөніндегі жұмыстардың есептік құнын негізге ала отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалады және әрбір жеті жыл сайын қайта есептелуге жатады.

1-санаттағы объектілердің салдарын жою үшін қаржылық қамтамасыз етуді беру мерзімін ауыстыруды ескере отырып, Топ қаржылық қамтамасыз етудің ықтимал нұсқаларын талдау және қаржылық қамтамасыз етуге қатысты нормативтік талаптардың өзгеруіне мониторинг жүргізу бойынша жұмысты жалғастырады.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****23. ШАРТТЫ ӘРІ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР
(жалғасы)*****Қоршаған ортаны қорғау мәселелері (жалғасы)***

Топ қоршаған ортаны қорғауға байланысты міндеттемелерін кем дегенде жыл сайынғы негізде мерзімді бағалауды жүргізеді. Міндеттемелердің анықталуына қарай олар дереу қаржылық есептілікте көрсетіледі. Қолданыстағы заңнамалар мен нормативтік актілердің өзгеруі нәтижесінде, сондай-ақ сот практикасы нәтижесінде туындауы мүмкін ықтимал міндеттемелерді жеткілікті сенімділікпен бағалау мүмкін емес, бірақ олар айтарлықтай болуы мүмкін. Топ басшылығы қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасының сақталуын бақылаудың қолданыстағы жүйесі жағдайында осы қаржылық есептілікте танылғандарды немесе ашылғандарды қоспағанда, қоршаған ортаға залал келтіруге байланысты туындайтын елеулі міндеттемелер жоқ деп есептейді.

Табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес Топтың парниктік газдар шығарындыларына қосымша квоталар сатып алу бойынша заңды міндеттемелері бар. Топ үшін электр энергиясын жоспарлы өндіруге және өнім бірлігіне парниктік газдар шығарындыларының үлес коэффициентіне байланысты 2025 жылға дейінгі көміртегі квоталарының көлемі белгіленген. Электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты ЭГРЭС-1 және СЭГРЭС-2-де 2024 жылы парниктік газдар шығарындыларына квота тапшылығы күтілуде. 2025 жылға арналған парниктік газдар шығарындыларын түгіндеу және верификациялау 2026 жылы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 28 наурыздағы №91 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Топ 2024 жылға арналған парниктік газдар шығарындыларын түгіндеу мен тексеруді жүргізді. 2025 жылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес парниктік газдар шығарындыларына қосымша көміртегі квоталарын алуға өтініш берілді. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 28 наурыздағы № 91 бұйрығына сәйкес уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші қыркүйегіне дейін қосымша көміртегі квотасын алу үшін квоталау субъектісі ұсынған құжаттарды қарайды.

Экология, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) мәселелерінің әсері - климаттың өзгеруін және онымен байланысты тәуекелдерді есепке алу

Топ климаттың өзгеруі бойынша әлемдік қауымдастықтың алаңдаушылығымен ортақ және парниктік газдар шығарындыларын азайту, энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздеріне көшу және көміртегі отынынан бас тарту бойынша жаһандық күш-жігерді қолдайды. Топтың бас компаниясы Самұрық-Қазынаның стратегиялық мақсаты 2021 жылмен салыстырғанда 2032 жылға қарай көміртегі ізін 10%-ға қысқарту болып табылады және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ұмтылады. Жалпы, көміртегі бейтараптығы парниктік газдар шығарындыларын жоққа шығармайды - азайту мүмкін емес шығарындылар көлемін өтеу қажет.

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты Топ олардың активтер мен міндеттемелерді тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалайды. Төменде келтірілген аймақтар негізінен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды:

- а) Топ қолданыстағы шаң-көмір жабдықтарын заманауи экологиялық таза бу-газ энергоблоктарымен ауыстыру мақсатында Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3-те жаңа бу-газ қондырғыларын салу жөніндегі жобаларға бастамашылық жасады; және
- б) Топ Экологиялық кодекске сәйкес жаңадан енгізілген нормативтік талаптарға байланысты пайдалану объектілерін жоюға және экологиялық залалды қалпына келтіруге арналған резервтерді бағалайды және мойындайды (13-ескертілме).

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты Топ олардың активтер мен міндеттемелерді тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалайды.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****23. ШАРТТЫ ӘРІ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР
(жалғасы)*****Сақтандыру***

Пайдалануға беруді (іске қосуды) кешіктіруді және зиян келтіргені үшін үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті қоса алғанда, құрылыс-монтаждық тәуекелдер мен жобалық жүктерді ерікті сақтандыру шарты шеңберінде сақтандыру сыйлықақысы 2024 жылы 10.388.767 мың теңге жалпы сомаға төленді. Бұл сақтандыру шығыстары міндетті болып табылады, өйткені оларды инвестор-банктер талап етеді және оларды болдырмауға болмайтын жобалық шығындардың ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. ҚЕХС сәйкес, атап айтқанда, «Қарыздар бойынша шығындар» 13 IAS және «Негізгі құралдар» 16 IAS, сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы 10.388.767 мың теңге көлемінде капиталдандырылды және Алматы ЖЭО-2 жаңғырту жобасының құнында ескерілді. Сақтандыру сыйлықақысын капиталдандыру оның активті дайын күйге келтірумен, сондай-ақ жобаның болашақ экономикалық пайдасына әсер етуі мүмкін қаржылық шығындардан қорғаумен тікелей байланысына негізделген.

Қарыздар бойынша ковенанттар

Топ барлық кредиттік келісімдердің талаптары бойынша қаржы және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Шарттық талаптарды орындамау банкке кредиттер мен қарыздарды дереу қайтаруды талап етуге құқық береді. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталған алты айда Топта алынған қарыз шарттары бойынша ковенанттарды бұзушылықтар болған жоқ. Топ болашақта қаржылық ковенанттардың бұзылуына әкелуі мүмкін қаржылық көрсеткіштердің нашарлауын күтпейді.

Соттың істі қарауы

Топ әдеттегі қызметінің барысында сот процестері мен шағымдарға ұшырауы мүмкін. Қазіргі уақытта Топ басшылығы осы сот процестері мен шағым-талаптардың нәтижесінде түпкілікті міндеттемелер Топтың болашақ қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етпейді деп санайды.

Күрделі сипаттағы міндеттемелер

Топ өздерінің маусымдық және басқа да туындайтын бизнес- тәуекелдеріне ұшырауын талдады, бірақ 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың қаржылық көрсеткіштеріне немесе жағдайына әсер етуі мүмкін қандай да бір тәуекелдерді анықтамады. Топ күрделі сипаттағы міндеттемелерді орындау және айналым капиталын қамтамасыз ету үшін қажетті қаражат пен қаржыландыру көздеріне ие.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың ҚҚС-ты қоспағанда 356.099.201 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: ҚҚС-ты қоспағанда 435.817.458 мың теңге) сомасына негізгі құралдарды сатып алу бойынша шарттық міндеттемелері болды.

Бірлескен кәсіпорынның шартты міндеттемелері – «Богатырь Көмір» ЖШС салық мәселелері

Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті (МҚД) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Топтың бірлескен кәсіпорны «Богатырь Көмір» ЖШС-не қатысты корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық тексеру жүргізді. Салықтық тексеру нәтижелері бойынша 2023 жылғы 11 сәуірде МҚД бейрезиденттің кірістері бойынша төлем көзінен 1.155.837 мың теңге сомасында КТС қосымша есептеу туралы хабарлама жіберді, оның ішінде: 611.778 мың теңге сомасында төленген дивидендтер бойынша және көрсетілген инжинирингтік қызметтер үшін - 544.059 мың теңге. Шағымдану нәтижелері бойынша 2024 жылғы 21 қарашада Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Апелляциялық комиссиясы дивидендтердің кірістері бойынша КТС қосымша есептеуді өзгеріссіз қалдырып, инжинирингтік қызметтер бойынша КТС есептеулерінің негізсіздігі туралы шешім шығарды. Сот талқылауы барысында 2025 жылғы 3 ақпанда Павлодар облысы бойынша Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот (МАӘС) «Богатырь-Көмір» ЖШС пайдасына шешім шығарды. Алайда, бұл шешімнің күші 2025 жылғы 3 маусымда Павлодар облыстық сотының Әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен жойылды. 2025 жылғы 30 маусымда «Богатырь-Көмір» ЖШС аталған Қаулыны қайта қарау туралы кассациялық шағымды Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына жолдады.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****23. ШАРТТЫ ӘРІ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР
(жалғасы)*****Бірлескен кәсіпорынның шартты міндеттемелері – «Богатырь Көмір» ЖШС салық мәселелері (жалғасы)***

Бұдан басқа, Павлодар облысы бойынша МКД 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде жоспардан тыс кешенді салықтық тексеру жүргізді. 2025 жылғы 5 ақпанда салықтық тексеру нәтижелері бойынша МКД тексеру нәтижелері және 6.134.784 мың теңге сомасына салықтарды қосымша есептеу туралы Акт шығарды. «Богатырь-Көмір» ЖШС мұндай қосымша есептеулермен келіспеді және 2025 жылғы 24 маусымда Павлодар облысы бойынша МАӘС-қа хабарламаға дау айту туралы әкімшілік талап-арыз жолдады.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың күрделі сипаттағы міндеттемелері

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Forum Muider, СЭГРЭС-2 ұзақ мерзімді шарттық міндеттемелеріндегі Топтың үлесі тиісінше 955.036 мың теңгені және 598.912 мың теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 4.576.543 мың теңге және 574.774 мың теңге).

24. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Әділ құнды анықтауда қолданылатын деректердің дұрыстығы туралы түсінік беру үшін Топ өздерінің қаржы құралдарын ҚЕХС-ке сәйкес белгіленген үш деңгейге жіктейді. Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша былайша бөлінеді: (i) 1-деңгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгіленетін бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалау. (ii) 2-деңгейге - пайдаланылған барлық маңызды бастапқы деректер актив немесе міндеттеме үшін тікелей немесе жанама қадағаланатын болып табылатын бағалау әдістері арқылы алынған (яғни, мысалы, бағалар) және (iii) бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалаулар болып табылатын 3-деңгей бағалары (яғни бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген). Төменде әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша әділ құнды талдау және әділ құн бойынша бағаланбаған активтер мен міндеттемелердің баланстық құны келтірілген:

Мың қазақстандық теңгемен	2025 жылғы 30 маусым			Баланс- тық құн	2024 жылғы 31 желтоқсан			Баланс-тық құн
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей		1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	
Міндеттемелер								
Қарыздар	-	336.234.352	-	360.081.380	-	355.707.072	-	373.098.400

Барлық қалған қаржы құралдары үшін (ақша қаражаты мен оның баламалары, дебиторлық және кредиторлық берешек, өзге де қаржы активтері мен міндеттемелері) әділ құн баланстық құнға сәйкес келеді.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері

Белгіленген пайыздық мөлшерлеме құралдарының бағаланған әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар және өтеуге дейінгі мерзімі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған, алуға күтілетін бағалау ақша ағындарының сомалары негізінде анықталады. Қолданылған дисконттау нормалары контрагенттің кредиттік тәуекеліне байланысты.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер

Нарықтық баға белгілеулері жоқ белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың бағалау әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелі және өтеу мерзімі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған бағалау ақша ағындары негізінде анықталады.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

25. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2025 жылғы 3 шілдеде Топ «Самұрық-Қазына» АҚ алдындағы берешекті өтеу мақсатында 1.736.828 мың теңге сомасында облигациялар бойынша негізгі қарызды және 1.367.752 мың теңге сомасында облигациялар бойынша сыйақыны төледі.

2025 жылғы 9 шілдеде Топ Жалғыз акционерге 20.565.918 мың теңге сомасында дивиденд төледі.

2025 жылғы 18 шілдеде Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексіне қол қойды, ол 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Топ күтілетін өзгерістерге алдын ала талдау жүргізіп, жаңа Салық кодексінің күшіне енуі оның қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне және салық міндеттемелеріне елеулі ықпал етпейді деген қорытындыға келді.

2025 жылғы 15 шілдеде бірлесіп-бақыланатын ұйым – «Көкшетау ЖЭО» ЖШС Көкшетау қаласында қуаттылығы 240 МВт ЖЭО салу үшін мердігерлермен мынадай негізгі шарттарды жасасты:

- «Севказэнергопром» ЖШС және Shandong Yangguang Engineering Design Institute Co., LTD (Қытай) консорциумымен жобалық-сметалық құжаттаманы 2028 жылғы 1 желтоқсанға дейін әзірлеу туралы шарт жасалды;
- POWERCHINA SEPCO1 ELECTRIC CONSTRUCTION CO., LTD (Қытай) компаниясымен жобаны іске асыруға қажетті жабдықтар мен материалдарды жеткізу туралы шарт 2029 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзіммен жасалды;
- «Nenan Province Installation Group Co., Ltd» ЖШС-мен құрылыс-монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарын 2029 жылғы 1 ақпанға дейін орындау туралы шарт жасалды.

2025 жылғы 21 шілдеде «Sauran Solar Power» ЖШС бірлескен кәсіпорны тіркелді, онда Qazaq Green Power PLC жария компаниясының қатысу үлесі 30%-ды құрайды. Қалған 70% Dutch Green Power Investment B.V. иелігінде.

2025 жылғы 25 шілдеде Топ «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына бір қарапайым акцияның орналастыру бағасы 127.514 теңге болатын 196.200 дана қарапайым акцияны орналастырып, жалпы сомасы 25.018.247 мың теңге болды.

2025 жылғы 25 шілдеде ГРЭС-1 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-нан алынған қарыздар бойынша сыйақыға 1.544.195 мың теңге төледі.

2025 жылғы шілде-тамыз айларында «АлЭС» «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен жасалған қолданыстағы несиелік желі аясында айналым қаражатын толықтыру үшін жалпы сомасы 11.564.015 мың теңге көлемінде жылдық 18,5% мөлшерлемен қарыздар алды.

2025 жылғы шілдеде Топ «Алматы ЖЭО-3-ті қайта жаңарту» жобасы аясында «KBI Energy Group» ЖШС-не жабдық үшін алдын ала төлем жасады, жалпы сомасы 19.694.656 мың теңге.

2025 жылғы 1 тамызда «АлЭС» Алматы қаласының СМАС №7528-25-00-3/21906 (2025 жылғы 10 маусым) және Алматы қалалық сотының №3а/646 (2025 жылғы 2 шілде) қаулыларына сәйкес АЗРК тексерісі бойынша 4.429.654 мың теңге әкімшілік айыппұл төледі.

2025 жылғы 4 тамызда «АЖК» «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-нан жылдық 19,5% мөлшерлемен 1.527.778 мың теңге сомасында қарыз алды.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****26. АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА ЖӘНЕ БІР АКЦИЯНЫҢ БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ***Акцияға шаққандағы пайда:*

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		30 маусымда аяқталған үш ай үшін	
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2025	2024	2025	2024
Топ акционерлеріне тиесілі кезеңдегі пайда (қазақстандық мың теңгемен)	109.105.819	68.198.800	60.102.563	28.561.363
Айналыстағы жай акциялардың орташа алынған саны	7.002.267	6.311.967	6.966.711	6.728.573
Топ акционерлеріне тиесілі акцияға шаққандағы пайда (теңгеге дейін дөңгелектей отырып) базалық және бөлінген	15.581	10.805	60.102.563	28.561.363

Бір акцияның баланстық құны

Бір жай акцияның баланстық құны ҚЕХС-ке жатпайтын көрсеткіш және KASE талабы бойынша ашылып көрсетіледі.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілігі ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күні бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерді қамтуы тиіс. 2025 жылғы 30 маусымға қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің деректері негізінде Топ басшылығымен есептелген бұл көрсеткіш 123.356 теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 110.361 теңге). Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2025 жылғы 30 маусым	2024 жылғы 31 желтоқсан
Активтер жиыны	1.605.516.822	1.414.286.399
Минусы: материалдық емес активтер	(6.160.934)	(5.545.328)
Минусы: міндеттемелер жиыны	(735.583.208)	(641.483.819)
Жай акциялар үшін таза активтер	863.772.680	767.257.252
Есепті күнге жай акциялардың саны	7.002.267	6.952.267
Бір акцияның баланстық құны. теңге	123.356	110.361